

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚ БІЛІМДЕНДІРУ
МИНИСТРЛИГІ
ЎЖИНИЯЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ**



**Мектепке дейінгі және бастауыш тәлім факультеті
Бастауыш тәлім кафедрасы**

**5111700-«Бастауыш тәлім және спорт тәрбиелік іс» бакалавр тәлім
бағдары 4^А- курс студенті**

**ИДИРИСОВА НУРСУЛУ БЕКПОЛАТ ҚЫЗЫНЫҢ
БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ**

**ТАҚЫРЫП: Оқытушыда педагогикалық қабілеттің негізгі сипаттарын
қалыптастырудың кейбір мәселелері**

Студент:	Н.Б.Идирисова
Ғылыми жетекші:	п.ғ.ф.д (PhD) Н.Нагметова
Кафедра меңгерушісі:	ф.ғ.к. доц. С.Шынназарова

Кафедра мәжлісінің 2019-жыл ____ сәнесіндегі №__ протоколы мен
қорғауға рұхсат берілді

Нөкіс - 2019

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
I. ТАРАУ ОҚЫТУШЫ ІСКЕРЛІГІНДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТТІҢ НЕГІЗГІ СИПАТТАРЫ	6
§ 1.1. Ғалымдардың оқытушы қабілетіне педагогикалық-психологиялық сипаттамасы.....	6
§ 1.2. Оқытушының педагогикалық қабілетін жетілістірудің кейбір әдістері.....	17
§ 1.3. Педагогикалық қабілеттің негізгі сипаттары және өзгешеліктері	22
II. ТАРАУ ОҚЫТУШЫДА КОММУНИКАТИВ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ	33
§ 2.1. Педагогикалық тәсір көрсету – коммуникатив қабілетінің негізгі тәсілі сыпатында.....	33
§ 2.2. Оқытушының сабақтағы шеберлігі және қабілетінің маңызы.....	39
§ 2.3. Оқытушының педагогикалық іскерлігінде коммуникатив қабілеттің орны.....	50
Қорытынды.....	58
Пайдаланған әдебиеттер.....	60

Қорғауға рұхсат етіледі

Факультет деканы: доц. У.Сейтжанова

Кафедра меңгерушісі: доц. С.Шынназарова

Ғылыми жетекші: педагогика пәндері бойынша
философия докторы (PhD) Н.Нагметова

Хаткер: И.Хожаниязова

Тақырып: Оқытушыда педагогикалық қабілеттің негізгі сипаттарын
қалыптастырудың кейбір мәселелері

Бітіруші: Идирисова Нурсулу Бекполат қызының

Мемлекеттік аттестация комиссиясының қарары:

Бітіруші: Идирисова Нурсулу Бекполат қызының бітіру мамандық жұмысына

“ _____ ” бағасы қойылсын.

“ ____ ” _____ 2019-жыл

КІРІСПЕ

Тақырыптың маңыздылығы (актуалдылығы):

Білімдендіру, пән және мәдениет мәселелері бойынша Бірлескен Ұлттықтар Ұйымының “Техникалық және кәсіп-өнер білімдендіруі туралы” және “Білімдендіру тарауында кемсітуге қарсы күрес туралы” конвенцияларында, “Ағартушылық, ғылыми және мәдени мазмұндағы материалдарды алып кіру” туралы Бітімінде дүние жүзінде оқытушылар мәртебесін асыру, халықаралық дағды талаптары негізінде оқытушылардың педагогикалық шеберлігін дамыту мәселелеріне үлкен көңіл бөлінбекте. Осы құжаттарда ескертілуінше, білімдендіру мекемелері оқытушылары және студент-болашақ оқытушыларды оқыту сыпатына қарай тең қолайлылықтар жарату, тәжірибе алмасу және олардың педагогикалық көндікпе және дағдыларын өркендетуге көмектесу, білімдендіру процесіне инновацион педагогикалық технологияларды ендіруге көңіл аудару ерекше маңызға ие¹.

Жұртымызда алып барылып жатырған кең көлемдегі реформалар жастарымыздың шет елдегі теңқұрлары менен білім, пән, мәдениет, спорт және тағы басқа тарауларда ісшең қатынаста болу, олардың өз күшін дүние көлемінде көрсете алуы үшін үлкен мүмкіншіліктер жаратпақта. Қабілеттілік және инновациялық ойлауды рауажландыру қажетті индикатор сыпатында қабылдау жасалды. Осылар болашақ оқытушылардың педагогикалық шеберлігін глобалдасу процесі талаптары негізінде жетілістіру қажеттілігін пайда етті. 2017-2021 жылдарда Өзбекстан Республикасын және де рауажландыру бойынша «Харакатлар стратегияси»нда “педагог кадрлардың мамандық шеберлігі сыпаты және дәрежесін үздіксіз жоғарылату”² жоғары білімдендіру системасын комплекс рауажландыру бойынша ең маңызды міндеттерден бірі сыпатында белгіленді.

¹ 1 ЮНЕСКО халықаралық нормативтік құжаттары. //Өзбекше жараялау бас редакторы Л.Саидова. – Т.: “Адолат”, 2004. –Б. 19-62.

² Ўзбекистон Республикаси Президентининг 2017 йил 7 февралдаги “Ўзбекистон Республикасини янада ривожлантириш бўйича Харакатлар стратегияси тўғрисида”ги ПФ-4947 – сон Фармони.

Қазіргі уақытта жоғарғы оқу орындары заман талабына жауап беретін мамандарды тек теориялық білімдерді терең үйреткен жағдайда дайындамақта, оқу режелерінде және кәсіптік пәндерде оқытуға үлкен кеуіл бермекте. Бірақ мектептегі тек терең білімді, анық бір пән мамандығын иелеген мұғалімдер ғана емес, соның мен қатар ұлы адамгершілік қасиеттерге ие болған балалар және үлкендер мен қиналмастан байланыса алатын, олардың психологиясын түсіне алатын ақиқат шебер, қабілетті педагог ұстаздар керек.

Бұндай маман педагог-психолог-тәжірибелі оқытушы жоғары педагогикалық шеберлік және техника көндікпелері мен құралданған адам болуы керек.

Болажақ оқытушы мамандығы бойынша білімдерді иелеу дауамында өзінің әдеп-инабаттылық рухи дәрежесін кеңейтіреді, өз кәсібі айналасында әдеп-инабаттылық нормаларына сүйену өзгешеліктерін, оның мазмұнын өздестіреді, мұғалім әдептілігінің баланың жеке басына тәсірін аңдау. Түрлі жағдайларда өз мінез-құлқын басқара алу қажеттігін түсініп жетеді. Бір сөзбен айтқанда, педагогикалық шеберлікті, ұқып және көндікпелерді, педагогикалық техника элементтерін өздестіріп иелеп алады.

Зерттеудің мақсаты: Оқытушыда педагогикалық қабілеттің негізгі сипаттарын қалыптастыру және дамыту.

Зерттеу міндеті:

- оқытушыларда педагогикалық қабілеттің негізгі сипаттарын қалыптастыру негіздерін айқындау;
- оқытушы педагогикалық коммуникативтік қабілеттен орынды пайдалану;
- оқытушының педагогикалық қабілетінде сөз және ауызша тәсір өткізу арқылы жеке тұлғаның дамуына бағыт-бағдар беріп, барлық қасиеттерінің өркендеуіне ықпал жасау.

Жұмыстың жаңалығы:

- оқытушыларда педагогикалық қабілеттің негізгі сипаттарын қалыптастыру негіздері айқындалды, онда демократиялық стильдегі ізгілікті бағыттағы педагогтың құрылымы жасалды, сипаттамасы берілді;

- оқытушы педагогикалық коммуникативтік қабілеттен орынды пайдаланса, онда оқушылардың оқу әрекеті қалыптасып, белсенді қызмет етуге ұмтылады;

- оқытушының педагогикалық қабілетінде сөз және ауызша тәсір өткізу арқылы жеке тұлғаның дамуына бағыт-бағдар берілді, барлық қасиеттерінің өркендеуіне ықпал жасау жолдары анықталды.

Зерттеу әдістері: Тақырыпқа байланысты ғылыми-теориялық материалдарды үйрену, ғылыми-әдістемелік әдебиеттермен, жаңашыл педагогтардың тәжірибелері және баспасөзде жарық көрген ғылыми еңбектерді жинақтау, сұрыптау, талдау, күзету және нәтижелерін жалпылау.

Жұмыстың апробациясы: кіріспе, екі тарау, 6 бөлім, қорытынды және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады.

I ТАРАУ. ОҚЫТУШЫ ІСКЕРЛІГІНДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТТІҢ НЕГІЗГІ СИПАТТАРЫ

§ 1.1. Ғалымдардың оқытушы қабілетіне педагогикалық- психологиялық сипаттамасы

Қабілет – жеке адамның индивидуал-психологиялық өзгешелігі болып, белгілі бір қызмет барысындағы зиректігі және оның өз жұмысын табысты орындауындағы субъектив шарт-шараяттарды сипаттаушы жеке психикалық қасиеттер жиындысына айтылады, қажет болған білім, дағды және көндікпелерін иелеу динамикасындағы айырмашылықтарды анықтайды.

Қабілеттер жеке-психологиялық өзгешелік болғандығы себепті, жеке адамның басқа сыпаттары және өзгешелігіне, яғни ақыл сыпаттарына, есте сақтау және характер өзгешеліктері, жеке адамның басқа сыпаттары және өзгешелігіне, яғни ақыл сыпаттарына, есте сақтау және характер өзгешеліктеріне, ішкі сезімдеріне қарама-қарсы қойылмайды, бірақ олармен бір қатарға қойылуы керек.

Қабілетті адам тума, табиғат жаратылысы сыпатында дайын түрде алмайды, сондай-ақ өмір дауамында өркендеп барады.

Табысты жұмыс жасау үшін әр бір мұғалім педагогикалық шеберлікке ие болуы қажет. Педагогикалық шеберлік иесі өз еңбегін жұмсап үлкен нәтижеге еріседі. Ұйымдастырушылық оның барлық уақыт жәрдемшісі болады.

Педагогикалық шеберліктің ең маңызды элементтерінің бірі – бұл педагогикалық іс-әрекетке қабілеттілік болып табылады. Қабілет барлық адамдарда бар болып, ол адамдарда бірдей болмайды: біреуде жоғары, біреуде орта және біреуде төмен дәрежеде болуы мүмкін. Тек ғана ақылы зайыл адамдарда қабілетті ұшырата алмаймыз. Мектеп оқытушысының негізгі қызметі жеке адамды қалыптастыруға қаратылған.

Қабілеттілік қызмет процесінде пайда болады және өседі, қабілеттілікті өркендету үшін зиректілік, ақылдылық, талант, яғни инсан нерв

системасында анатом-физиологиялық қасиет болуы қажет. Оқытушының айырым психикалық процестері онда жеке адамға тән сыпаттардың сондай комплексін құрайды, бұны педагогикалық қабілет деп атауға болады. Ең маңыздысы жетекші қабілеттілікті таңдап алу болып, оларсыз мұғалім өз ісінің шебері бола алмайды. Мұғалімнің кәсіптік жұмысының табысты болуы педагогикалық ұқыптылықтарға байланысты. Педагогикалық қабілет мұғалімшілік тарауда табысты істеу үшін негіз болып табылады.

Қабілеттілік туралы ой-пікірлерді дамытудың маңызды кезеңі бұл испан дәрігері Хуан Уарте есімімен байланысты. Ватиканның қарсылығына қарамастан «Исследование способностей к наукам» (1575 ж.) кітабы жарық көріп, барлық Еуропалық тілдерге аударылды. Оның зерттеулерінің негізгі мақсаты адамдардың жеке басындағы қабілеттілікті анықтай отырып, болашақта кәсіби маман таңдауда ескеру болып табылады.

Ағылшын философы Фрэнсис Бэкон табиғи дарындылықты мойындап, қабілеттілікті дамытуда тәрбиенің маңызды рөл атқаратынын айтқан. Ал Томас Гоббс қабілеттіліктердің түрлерін бөліп көрсетіп, қабілеттіліктерге қатынасында табиғат адамдарда тең жаратты деген.

Говард Гарднер қабілеттерді интеллекттер жинағы деп атайды және оның жеті тарапын ажыратып көрсетеді. Біз интеллекттің осы тараптарынан алтауын оқытушы педагогикалық шеберлігін тереңдестіру арқылы анализ етуіміз мүмкін. Психолог ғалым Ольга Матвеева осы тараптарды психологиялық технология мен күшейттіріп модификациялайды және оқытушының кәсіптік іскерлігінде қажетті екендігін айтып, төмендегі қабілеттерді көрсетіп өтеді:

1. Қарым-қатынас жасау қабілеті: оқытушының оқушылар мен сабақ және сабақтан тыс процестерде сыныпта жақсы рухы ықлым жарата алуы.
2. Оқиғаларды алдыннан көре алу қабілеті: осы қабілет түрі әр бір оқытушының сергектігіне, оқушылардың рухиятын, ішкі дүниесін көре

алуында пайда болады. Сонда оқытушы кім неге қадір екендігін алдыннан башарат қыла алады.

3. Есіту және сезу қабілеті: Бұндай қабілетке ие болған адамдар музыканы сүюінде, дауысын жақсы сезе алуында, декламация негізінде жақсы оқиды, есіткен нәрсесін есте сақтай алады, әсіресе тақпақ және өлеңдерді сүйіп тыңдайды.

4. Кинестетикалық (тері-мүскіл) қабілет: оқытушының өз іс-әрекетін муапықтастыру қабілеті, әрекетті сезіп бағдарлайды, уақытты, әрекетті сезе алу, қолайлықтарды жарата алу, өмір ләзеттерінен рақаттану.

5. Логикалық қабілет: пікір жүрітуді, номерлерді, математиканы, қиын мәселелерді жақсы көру, нәтижелерді түсіну дағдысы, оқиғалықта негізгіні екінші дәрежеліден ажырата алу.

6. Жеке адамның ішкі қабілеті: өзін-өзі білу, түсіну және сезе алу қабілеті. Еркін адамда қорқу немесе еркін еместік сезімі кемнен-кем жағдайда болады.

Қабілет оқытушының индивидуал мүмкіншіліктерін сипаттайды. Бірдей процесте қабілетті оқытушылар өз іскерліктерінде де қабілеті төмен адамдарға қарағанда көбірек жеңістерге еріседі.

Қабілет жеке адамның жалпы және арнайы дамуында тезірек ілгерілеп баруын, оның орындаушылық және шығармашылық іскерліктерінде ең жоғары нәтижелерге ерісуін тәминдейді. Қабілетті адам мамандықты тез иелей алады жоғары шеберлікке еріседі және де істеп шығару, пән немесе мәдениетке жаңалық кіргізе алады.

Қабілеттің білімнен айырмашылығы болады. Білім – бұл ғылыми оқу нәтижесі, қабілет болса адам психологиялық және физиологиялық түзілісінің өзгешелігі болып табылады. Қабілет білім алу үшін қажетті шарт-шараят болып, сол мен бірге, ол белгілі бір дәрежеде білім алу жемісі. Жалпы және арнаулы білімдерді өздестіру, сондай-ақ, кәсіптік шеберлікті иелеу процесінде қабілет тереңдестіріліп және өркендеп барады.

Қабілетке жақынырақ тұратын түсініктер көндікпе және дағдылар болып табылады. Көндікпелер – оқытушының кәсіптік іскерлігі процессінде пайда етілген тәжірибе және білімдер негізінде орындалатын істің анық тәсілі. Дағдылар – оқытушының саналы іскерлікті орындау процессінде пайда қылынған кәсіптік интеллектуал іскерліктің автоматтасқан компоненттері жиындысы.

Олар оқытушының кәсіптік іскерлігі механизмінің негізін пайда етуші процесстер, олар қабілет пен біргелікте педагогикалық шеберлікке ерісуді тәминдейді, бұның нәтижесінде оқытушы кәсіптік іскерлігінде үлкен жеңістерді қолға кірітеді. Қабілет көндікпе және дағдыларда амалға асады.

Қабілетті адамның көндікпе және дағдылары көп қырлы және анық болады. Көндікпе және дағдылар жетерлі болмаған қабілетті біраз толтыруы немесе қабілеттің кемшілігін түзетуі мүмкін. Көндікпелерді жалпыластырып шеберлік деп те атайды. Шеберлік те қабілеттің өзі болып саналады. Демек, қабілет көндікпе және дағдылардың пайда болу процессінде қалыптасады.

Педагогикада оқытушы шеберлігі – бұл мүмкіншілік болып, оның шеберлігі, қажетті дәрежесі тек ғана оқыту және тәрбиелеу процессінде тереңдестіріліп барады және жеңістерге ерісуінде қалып жаратады. Тума қабілеттер зейін дейіледі. Талант, қабілет – адамның шығармашылық іскерлігі процессінде ерісілетін қабілеттердің даму басқыштары болып табылады. Қабілеттер, характер сияқты – адамның тек ғана белгілі бір іскерлігінде ғана бар болған сыпаттары болып табылады.

Психологияда қабілет – адамның мамандық білім, көндікпе және дағдыларды қиыншылықсыз, аңсаттық пен терең иелеуі және бірер іскерлік пен табысты шұғылдануына айтылады. Ол оқытушының мамандық іскерлігінде де жарқын сәулеленеді.

Мамандық іскерліктің білімдендіру мазмұнын белгілеуші сыпаттары оқытушының шығармашылығында пайда болады. Шығармашылық – бұл сыпат тарапынан жаңа, оригинал және қайталанбас бірер жаңалықты пайда қылушы іскерлік.

Өнімді шығармашылықта белгіленген әр қандай машқала табысты шешіледі, шығармашылық етуге лайықты болған оқытушылардың негізгі бөлімінде бұл көріністер сәулеленеді.

Эвристикалық шығармашылық, қоғамда болып жатырған кәсіптік іскерлікке байланысты болған жаңалықтарды қорықпай өздікпен және ен жайдыруды білдіреді, яғни оның негізінде идеялар пайда ету процессін интенсификация ету және олардың ақиқатқа жақындығын (сенімдігін) ізшіл амалға асыру және бұнда жаңа жағдайда қорықпай әрекет ету қабілеті, пікірлеу процессі негізінде білімін дамыту күзетіледі.

Креативтік шығармашылықта оқытушы социалдық маңызға ие болған жаңа теорияларды жаратады, өз пікірлері және ұсынысы мен шығады, шебер және тәжірибелі, жауапкершілікті сезетін оқытушылар ғана бұған ерісе алуы мүмкін.

Табиғи анатомикалық-физиологиялық іскерлік белгілері қабілеттердің физиологиялық негізін ұйымдастырады. Кейіншелік қабілетке айланатын жауапкершілік белгілерінің ұжымы адамның таланты дейіледі.

Инсандағы білу және ептілік белгілері процесстерінің жиындысы, талантының жетік жоқары шоғы – оның интеллектін белгілейді. «Интеллект – бұл ақили жақтан іс көру, рационал пікірлеу және өмірлік машқалаларды шеберлік пен шешудің глобал қабілеті» (Векстер), яғни интеллект адамның айналамыздағы әлемге толық бейімдесе алу қабілеті деп қаралады.

Интеллекттің құрам түзілісі ғалымдар тарапынан төмендегіше белгіленген.

Бірақ, адамдағы табиғи епшілдік терең кәсіптік іскерліктің табысты алып барылуын тәминдемейді. Адам өзіндегі ептілік белгілерін әрдайым дамытып баруы керек, бұл болса тек ғана ғайраткер кәсіптік іскерлік процесінде амалға асырылуы мүмкін.



1-сурет. Интеллекттің негізгі сыпаттары.

Мұғалімнің ерекше кәсіптік және қоғамдық қызметі өз тәрбиеленушілерінің, ата-аналарының, бүкіл жұртшылықтың тарапынан мұғалімнің жеке басына, оның моралдік бейнесіне орасан зор талаптар жүктейді. Ең бірінші білікті мұғалімге қойылатын талап – педагогикалық қабілеттіліктің болуы.

Шығармашылық ізденіс еңбектің, мамандықтың барлық саласына да өте қажет, ал мұғалім үшін ол ұстаздық дарындылыққа жетудің жолы, педагогикалық еңбекте шешуші орын алады. Мұғалімде педагогикалық бейімділіктің болуы – оның еңбектегі нәтижесінің кепілі. Педагогикалық қабілет пен мінез-құлық қасиеттері мектептегі кезден-ақ біртіндеп көріне бастайды да педагогикалық институттарда әрі қарай дамып, жетіледі.

Демек, идеалдық жағдайда педагогикалық қызмет пен мамандыққа бейімділік аңғартқан, дарынды, қабілетті адамдар айналысуы қажет.

Педагогикалық қабілеттілік (талант, мамандықты сүю, нышан) педагогикалық мамандықты ойдағыдай меңгерудің шарты болып табылады,

бірақ шешуші кәсібі деп қарастыруға болмайды. Қаншама адам айқын нышанды аңғартып, мұғалімдік мамандыққа үміткер болғанмен, шын мәнінде, педагог болып шыға алмайды, керісінше, алғашында жеткіліксіз қабілеттілік аңғартқан ұстаздар кейіннен педагогикалық шеберліктің шыңына жеткені қанша? Сондықтан да педагогтің қажетті кәсіби сапаларына еңбек сүйгіштігін, тәртіптілігін, жауапкершілігін, мақсат қоя білу іскерлігін, жетістікке жету жолын таңдай білу, ұйымдастырушылықты, табандылықты, өзіне кәсіби деңгейін арттыруды және т.б. жатқызуға болады.

Мұғалімнің мамандық-педагогикалық дайындау машқаласын зерттеуге арналған еңбектерде (Ф.Н.Гонобалин, Т.А.Воробьева, Н.В.Кузьмина, В.А.Сластенин, Р.И.Хмелюк, Н.Д.Хмель, А.И.Шербаков және т.б.) кез келген адамның мұғалім бола алмайтындығы дәлелденген. Мұғалімдік мамандықтың соншама көптігіне қарамастан, оны меңгеру үшін қабілеттіліктер мен тұлғалық сапалардың ерекше қатаң құрылымы, белгілі әлеуметтік – психологиялық бейімділік қажет.

Психологтар профессиограмманы негіздеуде педагогикалық қабілеттіліктердің түрін анықтауға көңіл бөледі.

Мәселен, В.А.Крутецкий дидактикалық, академиялық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық, қабілеттіліктерді қарастырды. А.И.Шербаков негізгі педагогикалық қабілеттіліктерге дидактикалық, конструктивтік, перцептивтік, экспрессивтік, коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттіліктерді жатқызды.

Осы кездегі мамандықтардың ішінде ең көп және жан-жақты зерттелгені деп педагог мамандығын айтуға болады. Педагогтың жалпы кәсіптік іс-әрекеті мен қабілеттілігі, мамандығы жөніндегі икемділіктері мен дағдылары басқа мамандықтар үшін де пайдалы екендігі байқалады.

Педагогикалық қабілеттіліктер –шәкірттерді оқыту мен тәрбиелеуде мұғалімнің жоғары нәтижелерге жетудің шарты болып табылатын жеке тұлғаның белгілі психологиялық ерекшеліктері.

Педагогикалық қабілеттіліктерде жеке тұлғаның коммуникативтік қасиеттері жетекші рөл атқарады, ең алдымен, қабылдау саласына қатысты перцептивтік (олардың ішінде – бақылағыштығы) қабілеттілік. Олар мұғалімге шәкірттің психологиясын, жан-дүниесін, оның психикалық жағдайын нақты жағжағдайда соған сәйкес қабылдауға, сынып ұжымының жағдайын дұрыс бағалауға мүмкіншілік жасайды.

Мұғалімнің коммуникативтік қасиеттерінің құрамды бөлігі эмпатияға даярлығы, демек, шәкірттердің психикалық жағдайын түсінуге ұмтылуы деп білеміз. Осының қажетті шарты – балаға жүрек жылуы. Ең соңында, мұғалімнің коммуникативтік қасиетінің үшінші бөлігі әлеуметтік өзара әрекеттегі жоғары дамыған қажеттілік деп есептеледі, ол білім беруге ұмтылуды балалармен қарым-қатынасты, балалар ұжымының өмірі мен қызметін дұрыс ұйымдастыру қажеттілігінен аңғарылады.

Педагогикалық қабілеттіліктердің құрылымына кіретін жеке тұлғаның кейбір қосымша қасиеттері мен ерекшеліктерін атауға болады. Бұл ең алдымен ақылдың белгілі сапалары: өткірлігі, сыншылдығы, бірізділігі және т.б. Мұғалімнің сөйлеу тілінің мәні орасан зор: шешендік қабілеттілігінің байқалуы, тілінің лексикалық байлығы және т.б. Мұғалімнің бойында артистік сапалардың болуы (бейнелі қиялдау, фантазияға бейімділігі) осы сапалардың бәрі педагогикалық қызметте жетістіктерге жетуде белгілі рөл атқарады.

Педагогикалық қабілеттер – тиімді педагогикалық қызметтің шарты ғана емес, сонымен қатар көп жағдайда мұғалімнің жемісті жұмысының нәтижесі. Педагогикалық қабілеттіліктер мұғалімнің психологиялық қасиеттерінің, қатынастарының және әрекеттерінің жалпы құрылымында байқалады, қалыптасады және дамиды.

Тәжірибе және арнаулы зерттеулер көрсеткеніндей, мұғалімнің өзінің педагогикалық қабілеттіліктерін мақсатты қалыптастыруы және дамытуы толықтай шындық болып табылады.

Жеке тұлғаның перцептивтік қасиетінің негізгі элементі – бақылағыштық педагогикалық тәжірибені меңгеру үрдісінде, сонымен қатар педагогтың арнаулы күш-жігерінің нәтижесінде дамиды және жетіледі.

Белгілі психологтар мен педагогтар Ф.Н.Гоноболин, Н.В.Кузьмина, Н.Д.Левитов, И.В.Страхов, В.А.Сластенин сонымен қатар басқа да психолог, педагог ғалымдардың зерттеулері педагогикалық қабілеттіліктердің құрылымын қарастыруға мүмкіншілік берді. Бұл зерттеулердің мәліметтерін басшылыққа ала отырып, педагогикалық қабілеттіліктердің құрылымында ерекше орын алатын бірнеше түрлеріне немесе компоненттеріне тоқталамыз (негізіне Н.Ф.Гоноболин ұсынған үлгі алынды).

Шешуге оны жұмылдыру және жігерлендіру, екіншіден, өзінің жекеменшік жұмысын дұрыс ұйымдастыра білу қабілеттілігі. Өзінің ұйымдастыру жұмысын дұрыс жоспарлау іскерлігін және оны өзі дидактикалық қабілеттіліктер – шәкірттерге оқу материалын түсінікті түрде жеткізе білу, пәнге қызығушылығын арттыру, оқушылардың өз бетімен белсенді ойын дамыту қабілеттілігі. Дидактикалық қабілеттіліктің негізіне шәкірттердің дара психологиялық ерекшелігін ескере отырып, жаңа материалды тиімді әдістерді және тәсілдерді пайдаланып түсіндіру.

Қабілетті, тәжірибелі мұғалім материалды баяндаудың мазмұны мен түрін зейін қойып қадағалап, барлық оқушылардың зейінін назарда ұстап отырады, шаршау, зейін болмау, түсінбеу белгілерін реттеп отырады, тәртіп бұзушылықтың барлық жағдайларын ескереді, ең соңында, өзінің мінез-құлқын қадағалап отырады (мимика және пантомимиканы, жүріс-тұрысты).

Тәжірибесіз мұғалім кейде материалды баяндауға мән беріп, осы уақытта шәкірттерді ескермейді, оларды назардан тыс қалдырады.

Оқытушының педагогикалық қабілеті туралы ғалымдардың пікірлері:

Қабілет психологияда – адамның тиісті меңгеруге икемделген мүмкіншілігі деп сипатталады.

А.С.Макаренко айтқанындай, оқушылар педагогтың қаталдығын да, крикету, мұқатуды да кешіреді, бірақ өз ісін нашар білгенді

емес. Педагогикалық қабілет - мұғалімнің педагогтік қызметте жоғары нәтижелерге жетуін қамтамасыз ететіндей даралық-психологиялық ерекшеліктері мен кәсіптік тұрғыдан маңызды қасиеттерінің жалпылама жиынтығы.

Л.М. Митина өңдеп, дамытып отырған, «іс - әрекет – қарым – қатынас – тұлға» схемасының контексіндегі мұғалім тұлғасының моделі бес кәсіби маңызды сапаларға бөлінеді, олар педагогикалық қабілеттердің екі жұпын анықтайды. Жорамалдаушы гностикалық қабілеттер: - педагогикалық мақсатты ұйғару; - педагогикалық ойлау Рефлексивті-перцептивті қабілеттер: - педагогикалық рефлексия; - педагогикалық әдеп; - педагогикалық бағыттылық

Педагогикалық қабілеттерді В.А. Крутецкий көрсетіп, оларға сәйкес жалпы анықтамалар береді: 1) Дидактикалық қабілеттер – оқушыларға оқу материалын неғұрлым ұғынықты етіп беру қабілеті, оларға материалды немсе проблеманы айқын және түсінікті түрде келтіру, пәнге денег қызығушылығын тудыру, оқушыларда белсенді ойды өз бетінше қоздыру. 2) Академиялық қабілеттер – ғылымның сәйкес аймағына денег қабілеттер. Қабілетті педагог пәнді тек қана оқу курсының көлемінде ғана емс, елеулі терең және кең түрде біледі, ол үнемі өз ғылымындағы жаңалықтарды бақылып жүреді, материалды абсолютті еркін игереді, оған үлкен қызығушылық көрсетеді, кем денегде қарапайым зерттеу жұмысын жүргізеді. 3) Перцептивті қабілеттер – оқушының, тәрбиеленушінің ішкі дүниесіне ене білу қабілеті, оқушы тұлғасын және оның уақытша психикалық күйлерін түсінумен байланысты психологиялық бақылампаздық. 4) Тілдік қабілеттер - өз ойлары мен сезімдерін тілдің, мимика және пантомимика көмегімен айқын және нақты білдіре алу қабілеті. 5) Ұйымдастырушылық қабілеттер – бұл, біріншіден, оқушылар ұжымын ұйымдастыру қабілеті, оны жаңа міндеттерді орындауда топтастыру және дом беру, екіншіден, өз жұмысын дұрыс ұйымдастыру қабілеті, өз жұмысын ұйымдастыру дұрыс жоспарлау және өзін бақылау іскерлігін ұйғарады. 6) Авторитарлық қабілет – оқу-шыларға тікелей

эмоционалды –еркін әсер ету қабілеті және осы негізде олардың алдында беделді бола алу қабілеті. 7) Коммуникативтік қабілеттер – балалармен қарым –қатынас жасау қабілеті, олармен қарым –қатынас жасауда дұрыс тәсіл таба алу, олармен, педагогикалық көзқарас тұрғысынан, орынды өзара әрекеттесуді орнату іскерлігі, педагогикалық әдептің болуы. 8) Педагогикалық қиял немесе болжам жасау қабілеттері - өз әрекеттерінің салдарын алдын –ала көруден, оқушыдан болашақта кім шығатын шелестите отырып, оның тұлғасын тәрбиелеуді жобалаудан, тәрбиеленушілердің қандай да бір сапаларының дамуын болтай алу іскерлігінен көрінетін арнайы қабілеттер. 9) Зейінді бір мезгілде бірнеше іс -әрекеттерге тарту қабілеті мұғалім жұмысы үшін ерекше мәнге ие. Қабілетті, тәжірибелі мұғалім материалды маз-мұндаудың мазмұны мен форма сын, өз ойының өрісін мұқият бақылайды, сонимен бірге оқушылардың барлығын көз алдында ұстайды, шаршау, назар аудармау, түсінбеу белгілерін, тәртіп бұзуды байқап отрады және де өз мінез –құлқын қадағалап отырады.

Педагогикалық қабілеттің ядросы – адамның психо – техникалық қарулануы яғни психикалық күйлерді бағалау және қабылдаудың тереңдігі мен нақтылығы, өзіндік мінез–құлқына деген жауапкершілік сезімі.

С.Л. Рубинштейн зерттеуі бойынша жеке адам өз қылығы мен іс-әрекетін каналы басқаруға мүмкіндік беретін психикалық даму деңгейімен сипатталады, яғни өз әрекетін ойластыра біліп, жакапкершілікті сезіну қабілетінің болуы, өз бетінше дербес іс-әрекетін жасай білуі – жеке адамның мәнді белгілері.

Белгілі философ-ғалым В.П. Тугаринов жеке адамның сапалық көрсеткіштері ретінде төмендегілерді атайды: - каналылық; - жакапкершілік; - еркіндік; - жеке басының қадірі; - даралық; - қоғамдық белсенділік пен бекіген саяси-идеялық бағыттылық.

Педагогтың индивидуалылығының қалыптасуы баланың жеке тұлғасын шығармашылық тұрғыдан тәрбиелеуге жағдай жасайды. Педагогикалық іс - әрекеттің индивидуалы стилінің белгілері оның қабілетінен, темпераментен,

оқыту әдістерін таңдаудан, тәрбие құралдарын таңдаудан, педагогикалық қарым –қатынас жасау стилінен, мінез –құлық мәнерінен, оқушыға психологиялық – педагогикалық әсер ету құралдарын қолданудан көрінеді. Өртүрлі индивидуалылықты меңгерген мұғалімдер көптеген оқыту және тәрбиелеу міндеттерінің ішінен тек бірін ғана таңдап алып, бірақ оны түрліше жүзеге әстрады. Мұғалім басқа педагогтың педагогикалық тәжірибесін көшірмеуі тиіс. Мұғалім әрқашан өз- өзімен яғни айқын педагог болып қалуы тиіс. Бұл балаларды тәрбиелеу және оқытудың тиімділігін жоғарылатады.

§ 1.2. Оқытушының педагогикалық қабілетін жетілістірудің кейбір әдістері.

«Кадрлар дайындау ұлттық дәстүрі»нде баркамал, еркін пікірлеуші жеке адамды тәрбиелеу және де кәміл адам идеясы – ұлттық және жалпыкөріністік маңызға ие болған, адамзатқа сай ең жоқары рухи қайырлы жұмысқа үндейтін идея сыпатында жоқары саналады. Осы идеяны жас ұрпақ санасына сіңдіруде оқытушы кадрлардың ролі шексіз. Бұл болса олардан ең алғаш терең кәсіп қабілетіне ие болуды, білімі, шеберлігі, ғылыми және практикалық тәсілінен шеберлік пен пайдалануды талап етеді. Бірінші Президентіміз И.А.Каримов айтқанындай: «Біз экономикалық оңдалу, экономикалық тіктелу, экономикалық дамытуды рухи оңдау, рухи тазару, рухи ұлылық әрекеттері мен жандасуын»³ қалап жатқан бір дәуірде жасап жатырмыз. Бұл қалау болса жастар тәлім-тәрбиесі мен шұғылданып жатырған кәсіп иелерін жоқары кәсіптік дайындыққа, идеялық – саяси, ұйымдастырушылық және басқарушылық дағдыларына ие болу қажеттігін талап етпекте. Бұл жағдай тәлім тізімі және кәсіп-өнер тәлімі мекемелері жаңалап жатырған, тәлім-тәрбиенің мазмұны, формасы, тәсілдері, құралдары ұйымына, оқу-тәрбие процесіне ұлттық салт-дәстүрлер тез кіріп бара жатқан

³ Каримов И.А. Өзбекстанның саяси-социалдық және экономикалық келешегінің негізгі принциптері. – Т.: «Ўзбекистон», 1995, 47-бет.

бір шарифатта жүз бермекте. Бұл өзгерістер әрбір оқытушының жаңаша пікірлеуге, жақсы іс жүргізуіне, ісбилермендікке, рухи-ағартушылық істердің актив қатнасушысы болуға үндейді. Соның үшін де бүгінгі күнде өткен дәуірдегіден көбірек педагогика пәні алдында жаңаша пікір жүрітетін оқытушы –тәрбиешіні дайындау, оның кәсіптік шеберлігі және дағдысын тереңдестіру үшін оқыту және тәрбиелеудің заманауи форма, тәсіл, құралдарын істеп шығу өте қажет. Біз жоқарыда айтып өткеніміздей, оқытушылық кәсібін таңдаған әрбір жігіт және қыз өзіне сол кәсіпті сүюі немесе сүймеуі туралы сұрақ береді. Сондай-ақ мәселеленің және бір тарапы болып, бұл болажақ оқытушы педагогикалық қабілетке иеме немесе ие емеспе деген сұрақ пайда болады. Сондай екен әрбір кәсіп, қабілет арқылы иеленеді және терең үйреніледі.

Педагогикалық қабілеттер өз функциясына қарай **жалпы және арнаулы** түрлерге бөлінеді. Жалпы қабілеттер пайда болғанда оқытушы өз педагогикалық кәсібі іскерлігін терең иелеп, шеберлік пен алып барумен бірге, басқа әртүрлі іскерліктер мен де табысты шұғылданады. Жалпы қабілетке ие болған оқытушылар тәлім-тәрбие процесінде әр қандай қиыншылық және шиеленістерді қиналмастан жөнге салады.

Оқытушының педагогикалық қабілетін анализ еткен Н.В.Кузьмина былай дейді: «Тәлім-тәрбиеде жүз беретін көп ғана кемшіліктер оқытушы өз педагогикалық қабілетінің практикалық бағдарларын жақсы білмеуі, таланттың оқытушыда жоқтығы нәтижесінде жүз береді».

Арнаулы қабілетке ие болған оқытушылар тек ғана өздері иелеген кәсіптік бағдарлары бойынша анық іскерлік пен табысты шұғылданады.

Біреп іскерліктің табысты, өзіндік және терең орындалуын тәминдейтін шенде-шен қабілеттер жиындысы талант деп аталады.

Барлық қанигеліктерде болғаны сияқты оқытушылық кәсібінде де педагогикалық қабілет – оның жеке талант өзгешеліктерін белгілеп, кәсіптік іскерлік түрін табысты амалға асыруда субъектив шарт-шараяттар жаратады.

Әр қандай қабілет – жеке адамға тиісті болған қиын түсінік болып, ол іскерліктің талаптарына сай өзгешеліктер тізімін өз ішіне қамрап алады.

Әр қандай іскерлік те қиынырақ болып, ол адамға түрлі-думан талаптар қояды. Егер жеке адам өзгешеліктері тізімі осы талаптарға жауап бере алса, адам іскерлікті табыс пен амалға асыруда өз қабілетін көрсете алады, егер өзгешеліктерінен қайсы бірі өркендемеген болса, жеке адам еңбегінің бір түріне қарағанда кем қабілетті, деп характерленеді.

Міне соның үшін да қабілет дегенде бірер өзгешеліктің өзін емес, сондай-ақ адамның іскерлік талаптарына жауап бере алатын және сол іскерлікте жоқары көрсеткіштерге ерісуді тәминдей алатын өзгешеліктер ансамблі немесе синтезін түсіну қажет.

Оқытушы қабілетін үйренуде өзгешеліктер «ансамблі» терминін біз соның үшін қолданамыз, себебі бұнда өзгешеліктердің қарапайым біргелікте пайда болуы емес, болмаса олардың үздіксіз байланысқан болуын, белгілі бір тізімде өзара тәсір қылуын көзде тұтамыз. Бұл тізімде өзгешеліктерден бірі алдыңғы орынға шығып, жетекші өзгешелікке ие болса, қазіргі уақытта басқалар үшін жәрдемші өзгешеліктер ролін ойнайды.

Адамның қабілеті өте үлкен социалдық және жеке маңызға ие. қабілет жоқары еңбек өнімдарлығын тәминдеуге, социалдық байлықтың сан және сыпат тарапынан тез өсуіне, қоғам өркендеуіне жәрдем береді. Соның үшін де болажақ оқытушылардың ақылдылығы, қабілетін ашу және де олардан өз орнында пайдалануын үйреніп алуы қажет екендігі туралы мәселе қатаң талап етіледі. Оқытушының педагогикалық шеберлікті тереңдесуінде қабілет білім алу және дағды пайда етуді қамтиды. қабілетті адамның жоқары өнімді еңбегі оны финанс өмір дәрежесі мен қамтиды.

Қабілетті оқытушыға педагогикалық іскерлік және еңбек жеңіл болады және ол аз шаршайды, себебі сүйікті еңбегі оған қуаныш, көңілділік арнайды.

Қабілет білім, көндікпе және дағдылар жемісі, сол мен бірге іскерлік тәсілдерін иелеу тездігі, тереңдігі және беккемділігінде сәулеленеді.

Оқытушының оқушылар мен қатынасы жоқары дәрежеде табысты болуы оның педагогикалық қабілетке қаншалық ие екендігіне байланысты. Мектеп оқытушысының іскерлігі жас ұрпақты рухи баркамал жеке адам дәрежесінде тәрбиелеуде және кәсіптік білімдерді терең иелеген кадрларды дайындауда пайда болады. Бұның табысы оқытушының педагогикалық қабілетіне байланысты. қабілет кәсіптік іскерлік процесінде сәулеленіп барады. Бұның үшін оқытушыда талант, ақылдылық, қызығушылық болуы керек.

Әр бір педагог өзін тәрбиелеу жолында көптеген қыйыншылықтарға ұшырайды. Ол үшін әуелі өзін, кейін басқаларды білуін, тұрақты әрекет, алға мақсат үшін талпынуы қажет.

Жас мұғалімнің мұғалім “портретін” білуі оның мәдениетінің жоқарылауына жақыннан жәрдем береді. Өзіңізді тексеріп көрің:

1. Өзіңізде аудиторияның психологиялық дайындығын дұрыс түсінуге және бағалауға үйренудің қажеттілігін сезесіз бе?

2. Сөйлеушінің жүзіндегі, дауысындағы, іс-қимылындағы, күлкісіндегі, көз қарасындағы азғана өзгерістен не айтажақ екенін аңдай аласыз ба?

3. Балалар мен сөйлескенде, аудитория мен тіл табысарда қалайынша сөйлесуді білмей қыйналанасыз ба?

4. Алғашқы тәсірлерден сынып пен алдыңғы қарым-қатынас картинасын болжай аласыз ба?

Мұғалімнің өзін эстетикалық-эмоционалдық жақтан басқара алуы сабақ процессіндегі өзгерістерге зейінділік, тапқырлық пен кеуіл беріп, сабақты сыныптың қызығушылығына, кеуіл кошына қарап ұйымдастыра алуына байланысты болады.

Мұғалім оқушыларына әрдайым ісшең тәсір жасай алу қабілетіне ие болуы керек. Сондай ұстаз ғана оқушыларды өзіне еліктіріп, олардын мінез-құлқынын іс-әрекетінің бағдарын анықтай алады. Егерде мұғалім оз-ара қатынаста белгілі бір мақсатқа бағдарланған өзінің алдына тәсір көрсету

міндетін қоймаса, педагогикалық практикада көбірек ұшырасатын айырым кемшіліктер пайда болады. Олар төмендегілерден тұрады:

-Балалардың өз-ара қарым-қатынасын қатынасушы екендігін оның бүгінгі жағдайын білмеу.

-Мұғалімнің жұмыс басталғанынан көп нәрсеге үлгермеуі, асығыстығы.

-Сыныптың немесе балаланың психологиялық жағдайын өзінше надұрыс үйренуіне байланысты оларды қате түсіну. Мұғалімнің “өзін ұстап білу” қабілеті де болуы керек. Адамның бұл қасиетін эмоционалдық тұрақтылық деуге болады. Осыған байланысты жас мұғалімдер әр дайым сабаққа кірерде өзіне төмендегі сұрақтарды беріп көрсе мақұл болады? Сабақта өзінді әрдайым жай паракат, сабырлы тұта аласыңба? Кеуіл күйін балалар мен қатынаста кеуілді ме, көтеріңкі ме? Жұмыс барысында әдеттегідей жинақты және дыққаттысын ба? Педагогикалық і-әрекеттің әр қандай жағдайында өзінің тәсірленуін басқара аласың ба?

Балаларға, кәсіптестеріне әр қашан дыққатты және ақ кеуілдісің бе?

Қандай да бір педагогикалық жағдайда өзінді жақсы ұстай алғанына екіленуге туры келді ме?

Өзіңнің құтылғын келетін жаман әдеттерің бар ма?

Мұғалімнің шеберлігі қаншама артқан сайын оның тәсір жасау мүмкіншілігі кеңейіп, оқушылардың ішкі дүниесін түсіне алуы артады. Ұнамсыз кемшіліктерден құтылу үшін әр бір педагог тұрақты түрде өзін-өзі тәрбиелеп, өз үстінде әрдайым жұмыс жасап баруы керек. Өзін-өзі тәрбиелеп өзінің анық логикалық түзілісіне ие.

Қоғамдық мақсаттар тарапынан басқарылып бір қилы саяси идеялық, әдеп-инабаттылық, кәсіп еңбек, эстетикалық ж.т.б. бағдарларға ие.

Өзін-өзі тәрбиелеудің мақсатқа ерісуі жолындағы мінез-құлық, іс-әрекеттерін өз ішіне қамтиды. Бұлар көбінесе жеке адамның психологиялық қасиеттеріне, оның интеллектуалдық, эмоционалдық және практикалық салаларына байланысты болады. Өзіне-өзі тәсір жасау тәсілдерінің көп түрлілігі бір неше методтар системасын пайда етеді.

Білу және бағалау. Адамның бағдарланушылығы, оның ұнамды қасиеттері мен кемшіліктері, қабілеттері мен темпераменті, өзін-өзі білу объекті болып есептеледі. К.К. Станиславский «Үздіксіз, еріксіз өзін-өзі бақылауда адамның үйренген үрдістерін ғана жолға салуы мүмкін, ал үрдіс әдеттер көп жылдар дауамында тұрақты түрде бірнеше жүздеген, мындаған мәрте қайталанған қылықтар арқылы пайда болады»-деп жазған еді. Болажак мұғалімге осындай жаттығулар өте керек. Өзімшілдікке беріліп, адам өз мүмкіншіліктерін жоқары бағалап жіберу жағдайларыда ұшырап тұрады. Бұндай жағдайда педагог сендіру методын қолданып, өзін “тексеруді” тәминдеу керек. Өзін-өзі тексеру үшін оқытушы төмендегі формуланы пайдаланғаны мақсатқа сай болады.

Мен тынышпын, сабырлы және арқайынмын. Менің кеуіл күйім жақсы. Осы сабаққа жақсы дайындаламын. Сабақтың әр бір басқышын дайындаймын. Маған сабақ өту жеңіл. Сыныптың кеуіл-кейпін сеземін, оны бақылаймын. Сабақта барлық оқушыларды көріп тұрамын. Мен талапшанмын. Балалардың қылықтарын дыққат пен баклаймын. Мектепте жұмысқа дайынмын. Өзін-өзі білудің жәрдемі мен адама күш жігерін, өзін жетілістіруге толық жұмсалғанда ғана алға қойылған мақсаттарын амалға асыра алады. Сабақта өтілетін тақырыптың мазмұнын баяндамай тұрып кеуіл күйіңізді басқаларға өткере алу, оқушыларды өзіңізге тарту мен шұғылданың.

Сіздің сыртқы көрінісіңіз, мінез-құлқыңыз, айтқан сөздеріңіз бәрі оқушыларды эмоционалдық жақтан өзіне тарта алуы керек. Сыныпка кіріп сәлемдесіп, оқушыларға қарап, сабақтың тақырыбына байланыссыз бір нәрсені айтың. Бұның мен сіз бүгінгі кеуіл күйіңіздің кандай екенін олардын түсінуіне ерісесіз. Мінез-құлқыңыздың логикалық және эмоционалдық толықтығын, сабақтың көркемдік және педагогикалық мазмұнына жауап беруін ізден. Өзіңізді әрдайым бақылап барың. Педагогтың өзінің кемшіліктерін және жетіскендіктерін білуі, оларды жеңуге болған талаптың пайда болуы үшін жеткіліксіз екені жақсы белгілі. Осындай талаптың пайда

болуы үшін өзін белгілі мақсатқа бағдарлау, еркін рауажланған, өзіне сын көз бен қарау сияқты сыпат белгілері оғада керек. Педагог өзін-өзі тәрбиелеу үшін ең әуелі өзін қатал және әділ бағалауы керек. Әрине, әр бір мұғалім өз мүмкіншіліктерін есепке алып, алдына мақсат, міндеттер қоюы үшін жеткілікті дәрежеде ойлауы, ақылға сай (муапық) дұрыс пікірге ие болуы керек.

Ұнамды және пайдалы мінез-құлық, іс-әрекеттерді әдетке айландыру арқылы мұғалім әрдайым өзінің мінез-құлқын жетілістіре алады. Адам өз өміріне, мінез-құлқына сінген ұнамды қасиеттерді нығайту және іс-әрекеттеріне олардың тез-тезден сәуленуі үлкен маңызға ие. Әдетке айландыруға үйрену, мінез-құлықтағы азғантайда болса пайда болған ұнамды өзгерістерді алға қойған мақсатқа ерісу үшін ізбе-із пайдаланудан өзінде қандайда бір мінез құлықты қалыптастыруға ерісу немесе еріспеу мұғалімнің әрдайым өз үстінде жігерлі жұмысына байланысты болады. Оқытушы өзін тәрбиелеуге дайындық басқыштары:

- Үйренілетін дайындық басқышы (мақсатты түсіндіру, маңызын бағалау, оны орындау тәртібін білу)

- Эмоционалдық дайындық (табысқа ерісу, сену, жаңалу, өз ісіне жеке жоқары жауапкершілікті білу).

- Негізгі дайындық (тапсырманы табысты жоқарғы дәрежеде сапалы орындауға тілек, кәсіпке бағдарланушылықтың рауажлануының жоқарғы дәрежесі, өз шеберлігін жетілістіруге әрекет).

- Ерк дайындығы (кесент ететін нәрселерден безіп, тынышсыздану, сенімсіздік ж.т.б алағадашылыққа жол қоймау, өзін ұстап, бар күш-қайратын іске арнау) түрлерін қамтиды.

Жеке өз тәжірибесінде шығармашылықтың қуаныш және азабын басынан кешірген, қарып – шаршамас ізденуші және де бұндай ізденуді оқушыларына да сіндіре алатын, рухи дүниесі бай шебер мұғалім ғана оқушылардың рухи дүниесін қалыптастыра алады.

§ 1.3. Педагогикалық қабілеттің негізгі сыпаттары және өзгешеліктері.

Педагогикалық – психологияда оқытушы қабілетінің шектелген түрлері жоқ. педагогикалық қабілет түрлері пәннің, қоғамның дамуына қарап көбейіп және өзгеріп тұруы мүмкін. Философияда қабілет ұзақ уақытқа дейін «өзгермес ұрпақ» ұрпақтан-ұрпаққа өтуші процесс сыпатында талқын етілген. ғалымдардың ұзақ жылдар алып барған ғылыми-зерттеулері және бақылаулары нәтижесінде педагогикалық қабілеттің төмендегі негізгі сыпаттары ажратып көрсетілген:

1. Өз кәсібіне сүйіспеншілік, оқушыларды сүйе алуы.
2. Өз мамандық пәнін жақсы білуі, оған қызығуы.
3. Педагогикалық такт (әдеп және сұлулыққа) ие болу.
4. Балалар ұжымына сіңісіп кете алу.
5. Өз еңбегіне жақсы жандасу.
6. Жауапкершілікті сезу.
7. Тәрбиелік білімдерді иелегендігі.

Оқытушы іскерлігіндегі педагогикалық қабілеттің өзіне сай тізімдері бар. Қабілеттер тізімі төмендегіше өзгешеліктері мен парық қылынады:

- негізгі өзгешеліктер;
- таяныш өзгешеліктер;
- жетекші өзгешеліктер;
- жәрдемші өзгешеліктер.

Педагогикалық қабілеттер тек ғана педагогикалық іскерліктің сыпатты болуын және шарт-шараятын сәулелеместен, бәлкім көп тараптан табысты істеудің нәтижесі де болып табылады.

Мұғалімнің сөзі барлық уақыт сабақта оқушыларға қаратылған болады. Пікірдің айқындалуы оқушылар үшін анық, қарапайым, түсінікті болуы шарт.

Мұғалімнің баян етуі оқушылардың пікірін және дыққаттың максимал дәрежеде активтестіруге қаратылған мұғалім оқушылар алдына сұрақтар

қойып, оларды әсте ақырын дұрыс жауап беруге үйретеді, оқушылардың дыққатын күшейтеді және пікірін тереңдестіреді. Сондай-ақ орынды әзілдесу жеңіл сөзді жаңдандырып жібереді және оны оқушы тез үйренеді.

Мұғалімнің сөзі анық, жанды образды, мәнісі жағына айқын, мағыналы болуы шарт. Бір түрдегі ұзын, зеріктіретін сөз тезде оқушыларды шаршатады, оларды жалқау қылып қояды. Айырым мұғалімдер тез сөйлейтін, ал басқалары әстен асықпай сөйлейтін болады. Бірақ оқушылардың өздестіруі үшін орташа, жанды сөз жақсы нәтиже беруін естен шығармау керек. Асығыстық пен сөйлеу сабақты өздестіруге кесент береді және балаларды тез шаршатып қояды. Шектен тыс асықпай әсте сөйлеу зерігушілік алып келеді. Шектен тысқары кескін және бақырып сөйлеу оқушыларға кері тәсір етеді. Мұғалімнің әлсіз дауысы жаман естіледі. Көбінесе бір неше рет қайталанатын бір қилы сөз және әрекеттер адамның ашуына тиеді.

Абырой тек сол негізде емес, бәлки мұғалімнің өз пәнін жақсы білуі, мейірімділігі, мұлайымдылығы ж.т.б негізінде де еріседі. Бұл қабілет мұғалімнің жеке сыпаттарының пбтін бір жыйындысы, сондай-ақ оның ерк сыпаттарына (шыдамдылығы, талапшандығы ж.т.б). Сондай-ақ оқушыларға білім-тәрбие беру міндетін сезуге, өзінің ақ екендігіне сенуге, бұл сенімді оқушыларға жеткізе алу жағдайларына да байланысты.

Оқушыларға қопалдық қылмайтын, қорықпайтын, туры талап қоя алатын мұғалімді өте құрмет етеді, мұғалімнің босандығын, еріксіздігін жақтырмайды.

Дыққатты бір уақытта жыйнап алу қабілеті мұғалім үшін айрықша маңызға ие. Қабілетті, тәжірибелі мұғалім сабақты баян ету мазмұнын және түрлерін, өз пікірін (яки оқушының пікірін) дыққат пен бақылайды. Тәжірибесіз мұғалім көбінесе сабақты баян етуге беріліп кетіп, оқушыларды көңілден шетте қалдырады, бақыламай қояды.

Ең маңыздысы біз үшін жетекші қабілеттілікті таңдап алу болып, оларсыз мұғалім өз ісінің шебері бола алмайды. Егерде барлық жетекші

қабілеттіліктерді бірлестіруші ең басты, негізгі қабілеттілік туралы сөз етсек – бұл әрине шахс сыпатында қалыптасқан, өсіп бара жатырған адамға-объектке болған сезімталдық болып есептеледі.

Жетекші қабілеттіліктерден эмпатия және перспектив қабілеттерді атап өтсек болады.

Эмпатия-басқа адамдардың психикалық жағдайларын түсіну және олардың дертін бөлісе алу қабілеті болып есептеледі.

Перспектив қабілеті- түсіну процессінің негізгі түзілісі, бұл түсіну, сезу объекттерін біліп алу және оны есте сақтау образдары мен салыстырудан тұрады.

Күшті дамыған перспектив қабілеттер – бұлар балалар мен жақыннан қарым - қатынас жасауға қолайлылықтар жаратады. Соның ішінде кәсіптік сезгірлік және бақылаушылық үлкен маңызға ие. Егерде мұғалім оқушының сыртқы көрінісіне қарап, оның ішкі жағдайларын тез және дұрыс түсіне алмаса, оның қылық-қылуларының себептерін түсінбесе, сезбесе қалайынша дұрысты шешім қабыл ете алады. Соның үшінде бақылаушылық қабілеті – бұл өте құрамалы процесс. Ол тек қана көру, есіте алу мен шектеліп қоймай, біздердің дыққат аударған нәрселерімізге болған қызығушылықтың болуы, жәнеде алынған барлық информацияларды қайта істеуде ақылды жақсы істету қабілеті болып табылады.

Бақылаушылық және тәжірибе интуиция деп аталатын қабілеттің дамуына негіз жасайды. А.С. Макаренко өзінің «Педагогикалық поэма» деп аталушы кітабында былай деп жазған: «Сол уақытта менің көзім жетерлі дәрежеде өткір еді, мен бір қарағаннан-ақ, сыртқы көрінісінен, дене құрылысынан, дауысынан, жүрісінен, және қандай да елеспесіз қылықтарынан, бәлки ісінен әр қандай жағдайда бұл шикі нәрседен қандай өнім алу мүмкін екендігін шамалап анық айта алатын едім».

Шебер болу-демек педагогикалық процесстің барысын, әр түрлі жағдайда пайда болатын қиыншылықтарды алдын ала сезу. Бұндай қабілеттердің қалыптасуы өте құрамалы, қиын болғаны мен талапшаң

мұғалімдерде жақсы дамуы мүмкін. Педагог үшін ең маңызды нәрсе – бұл тек қана бар нәрселерді анализдеу немесе алдын ала болжау мен шектелу емес, ал эмпатия-яғни мұғалім өзін оқушының орнына тұра алу қабілеті, оның позициясында, пікірінде тұра алу, оның қызығушылықтарын, көз қарастарын, құаныш және қайғысын бөлісе алу мүмкіншілігі. В.А. Сухомлинскидің пікірінше: «Ең алғаш балалар жүрегінің әрекетін түсіну керек».

Педагогикалық қабілетте оқытушының өзара пікір алмасуы мен байланысты өзгешеліктері негізгі рөл ойнайды. Төмендегі педагогикалық қабілеттің негізгі өзгешеліктері оқытушының жоқары педагогикалық-психологиялық білімдері нәтижесінде әрдайым өркендеп барады:

Коммуникативтік қабілет: оқытушының педагогикалық ұжым және ата-аналар, махалле мен болатын өзара қатынасында олардың рухилық жағдайларын түсіну және оларға дәрткеш болу, қатынасқа кірісуінде көңілшектік. Оқытушы бұнда психологиялық білімдерге ие болуы, қатынас мәдениетін әрдайым өзінде қалыптастырып баруы қажет. Балалармен жақсы тіл табыса білу-бұл мұғалімдерде қанағаттану сезімін пайда етеді және мұғалімнің өз кәсібіне деген сүйіспеншілігін қорғап қалады.

Перцептив қабілет: сыртқы әлемді және мұхитты сезу яғни күзетушендік қажетті рөл ойнайды. Оқытушының талапшандығы нәтижесінде өркендеп қалыптасады. Оқытушы оқушының психологиясын, психикалық жағдайын өзіне сіндіреді, сынып ұжымының жағдайына педагогикалық машқаласына әділ баға береді.

Эмпатик қабілет: балаларға болған мұхаббаттан келіп шығатын оқушылардың сезімін, психологиялық жағдайларын көңілден сезу, түсіну, оларға ашыну өзгешеліктері.

Тәлім процесін сәулелендіру қабілеті: оқытушы өз білімін оқушы санасы және ақылына кем күш жұмсау орнына жеткізе алуы, тәлім және тәрбиеде белгіленген мүддетте мақсатқа ерісу қабілеті.

Дидактикалық қабілет: оқушылар мен қарым-қатынас жасауда, педагогиканың тәлім және тәрбиелік нызамдылықтарын және де методтарын терең өздестірген жағдайда нәтижелі сабақ беру қабілеті. Сондай-ақ, сабақ педагогикалық технологиялар негізінде қазіргі заман талаптарына жауап беруі керек. Дидактикалық қабілет - бұл оқу материалын оқушыларға түсінікті етіп баян ете алуы, оқушыларды еркін пікірлеуге қызығушылықты ояту қабілеті болып табылады.

Ұйымдастырушылық қабілеті- бұл біріншіден оқушылар коллективін ұйымдастыру, қажет міндеттерді шешуге итермелеу, олардың санасын рауажландыруға қаратылған болады, екіншіден, өз ісін дұрыс ұйымдастыруды нәзерде тұтады. Өз ісін ұйымдастыру дегенде істі туры жобаластыра алу және оны бақылау нәзерде тұтылады. Тәжрибелі мұғалімдерде уақытты өзіне тән сезу, жұмысты уақытқа қарап туры бөлістіру, белгіленген мүддетке үлгеру қасиеті пайда болады.

Ұйымдастырушылық қабілеті: педагогикалық қабілеттің негізгі бөлімі болып табылады. Ол сынып оқушыларының оқытушы тарапынан түрлі қоғам жұмыстарына, кружоктарға жалп ета алады, сынып ұжымының әрбір оқушыға ісшең жағдайды тәминдеп беруінде пайда болады.

•**Білу қабілеті** – бұл пәннің тиісті бір тарауларына тән (математика, физика, биология, әдебиет ж.т.б) қабілет болып табылады. Бұндай қабілетке ие болған мұғалім пәнді оқу курсы мен шектелмей, бір қанша кең және тереңірек үйренеді, өз пәні тарауындағы өзгерістерді барлық уақыт бақылап барады, зерттеулер жүргізеді.

Жетекші ұқыптылықтарды біз және бір неше бөлектерге бөлеміз. Соның ішінде жеке қабілеттілік негізгі орынды иелейді.

Жеке қабілет – бұл балаларға бейімділіктен басталады. Бейімділік дегенде-біз балаға болған сүйіспеншілікті, олар мен қарым-қатынаста болуды, балаларға жақсы тілектер айтуды түсінеміз. Оларға өте дыққатты және өте нәзік сезімді болуы керек. қабілеттілік және бір компоненттен, яғни сабырлылық және өзін-өзі тұта білушілік. Мұғалім әр қандай жағдайда да

өзін сабырлы тұтуы, дыққатты болуы, өз темпераментін басқара алуы, мінез-құлқын қадағалай білуі және оларды дұрыс қолдануды жадынан шығармау керек.

•**Сөйлеу қабілеті** – сөз жәрдемінде, сондай-ақ қарым-қатынас құрамында өз пікірін және сезімдерін анық және айқын тәріптеу қабілеті. Бұл оқытушылық кәсібі үшін өте қажет.

Мұғалімнің сөзі барлық уақыт сабақта оқушыларға қаратылған болады. Пікірдің тәріптелуі оқушылар үшін анық, қарапайым, түсінікті болуы шарт.

Мұғалімнің баян етуі оқушылардың пікірін және дыққатын максимал дәрежеде активтестіруге қаратылған` мұғалім оқушылар алдына сұрақтар қойып, оларды әсте ақырын дұрыс жауап беруге үйретеді, оқушылардың дыққатың күшейтеді және пікірін тереңдестіреді. Сондай-ақ орынды әзілдесу жеңіл сөзді жаңдандырып жібереді және оны оқушы тез үйренеді.

Мұғалімнің сөзі анық, жанды образлы, мәнісі жағына айқын, мағыналы болуы шарт. Бір түрдегі ұзын, зеріктіретін сөз тезде оқушыларды шаршатады, оларды жалқау қылып қояды. Айырым мұғалімдер тез сөйлейтін, ал басқалары әстен асықпай сөйлейтін болады. Бірақ оқушылардың өздестіруі үшін орташа, жанды сөз жақсы нәтиже беруін естен шығармау керек. Асығыстық пен сөйлеу сабақты өздестіруге кесент береді және балаларды тез шаршатып қояды. Шегарадан тысқары асықпай әсте сөйлеу зерігушілік алып келеді. Шегарадан тысқары кескін және бақырып сөйлеу оқушыларға кері тәсір етеді. Мұғалімнің әлсіз дауысы жаман естильеді. Көбінесе бір неше рет қайталанатың бір қилы сөз және әрекеттер адамның ашуына тиеді.

Мұғалім қажет жағдайда оқу материалдарын өзгерттіре алуы, қиын нәрсені аңсат, құрамалы нәрсені апуайыластырып, анық емес нәрсені түсінікті қылып оқушыларға жеткере алуы қажет. Бұндай жағдайда оқушылардың психикасын есепке алу шарт. Бұндай қабілетке ие мұғалімдер оқушылардың білім және ер жету дәрежесін есепке алады. Олардың нені білуі, нені білместилыгін, нені ұмытып қойғандығын көз алдына келтіреді.

Қабілетті оқытушы сабақ материалын түсіндіру процессінде оқушылардың қалай өздігімен жаттығғандығын бір қанша белгілер негізінде байқап алады және қажет жағдайларда баян қылу тәсілін өзгерттіреді.

Конструктивтік қабілет - бұл оқытушының өз жұмыстарын жақсылап, алдын ала режелестіре алу мүмкіншілігі.

Педагогикалық қабілеттер тізіміне кіретін төмендегі жәрдемші түрлері болуы және тәрбиелеп жетілістірілуі қажет.

• **Бақылаушылық қабілеті** – оқушының, тәрбиеленушінің ішкі дүниесіне кіре алу қабілеті, оқушы жекелігін және оның уақытшалық рухый жағдайын өте жақсы түсіне білуі мен байланысты болады. Бұндай мұғалім оқушының психологиясындағы көзге ілінбейтін өзгерістерді тез байқайды. Оқушылар бұндай мұғалімдерді тез байқайды. Оқушылар бұндай мұғалімдер туралы «Оқушының қапа болғандығын, немесе сабақ дайындамандығын көзінен біледі, қаралмай тұрғанға ұқсайды, бірақ барлық нәрсені көріп тұрады»- дейді.

• **Абырой арттыра алу қабілеті.** Оқушыларға турыдан туры эмоционал ерікті тәсір көрсету және сол негізде абыройға ерісе алу. Абырой тек сол негізде емес, бәлки мұғалімнің өз пәнін жақсы білуі, мейірімділігі, мұлайымдылығы ж.т.б негізінде де еріседі. Бұл қабілет мұғалімнің жеке сыпаттарының пүтін бір жыйындысы, сондай-ақ оның ерк сыпаттарына (шыдамдылығы, талапшандығы ж.т.б). Сондай-ақ оқушыларға білім-тәрбие беру міндетін сезуге, өзінің ақ екендігіне сенуге, бұл сенімді оқушыларға жеткізе алу жағдайларына да байланысты.

Оқушыларға қопалдық қылмайтын, қорықпайтын, туры талап қоя алатын мұғалімді өте құрмет етеді, мұғалімнің босандығын, еріксіздігін жақтырмайды.

• **Дұрыс қарым-қатынас жасай алу қабілеті** – балаларға жақындаса алу, олар мен педагогикалық жақтан өте нәтижелі өз-ара қарым-қатынастар орната алу қабілеті.

- **Келешекті көре білу қабілеті** - өз іс-әрекеттерінің ақыбетін көре білу оқушының келешекте қандай адам болуын көз алдына келтіре алу, тәрбиеленушіде қандай қасиеттердің барлығын алдынан айта білу қабілеті педагогикалық оптимизмге, тәрбиенің күшіне байланысты.

- **Дыққатты жыйнап алу қабілеті** – мұғалім үшін дыққаттың барлық қасиеттері – күші, көшушендігі, қабыл ете алуы мен тәриптелді. Дыққатты бір уақытта жыйнап алу қабілеті мұғалім үшін айрықша маңызға ие. Қабілетті, тәжірибелі мұғалім сабақты баян ету мазмұнын және түрлерін, өз пікірін (яки оқушының пікірін) дыққат пен бақылайды. Тәжірибесіз мұғалім көбінесе сабақты баян етуге беріліп кетіп, оқушыларды кеуілден шетте қалдырады, бақыламай қояды.

Педагогикалық қабілеттердің тірек өзгешеліктері күзетушендік – көре білу көндікпесі. Бұл индивидуал нәрсенің өзіне сай тарапын, жақсы іскерлік үшін алғашқы материалды көре білу дегені. Художниктің күзетушендігі, табиғаттану ғалымының күзетушендігінен айырмашылығы өз-өзінен анық. олардың күзетушендігі түрлі бағдарда болғандығы себепті, олардың әр бірі өз білімі және дүниеқарасына ие.

Қабілеттің жетекші өзгешелігі жақсы тәсеуір ету. Бұл өзгешелік тек қана художникке, математика оқытушысына, әдебиеттануға сай болмастан, сондай-ақ барлық пән оқытушыларына да тиісті.

Әр бір кәсіп сырларын терең иелеу үшін қабілет керек. Педагогикалық қабілет саламатты оқытушыда ғана қалыптасады. Бірақ ол жоқары, орташа және пәст дәрежеде болуы мүмкін. Осы түрлі дәрежедегі қабілеттерде бірлескен қасиеттер және өзгешеліктер арасында кейбіреулері жәрдемші рөл ойнайды.

Педагогикалық қабілеттер тізіміне кіретін жәрдемші өзгешеліктер және қасиеттер төмендегілерден тұрады:

- ақыл – түсінудің анық түрлері, қазіржауаптық; кемшіліктерге сын көзбен қарау;
- оқытушының сөзі: сөйлеу шеберлігі, сөз байлығының тереңдігі;

- актёрлық өзгешелігі: мимика және пантомимика, қиял-ғажайып, рухи сезімді басқара алу.

- педагогикалық такт және педагогикалық әдеп-инабаттылыққа ие болу.

Мұғалім тәрбиеші әр қандай жағдайларда да бір неше сыпаттарға-анық мақсатты көздеу, еңбек сүйшілік, кішіпейілділік сыяқты сыпаттарға да ие болуы керек.

II ТАРАУ. Оқытушыда коммуникатив қабілетін қалыптастырудың кейбір мәселелері.

§ 2.1 Педагогикалық тәсір көрсету – коммуникатив қабілеттің негізгі тәсілі сыпатында

Өзбекстан Республикасы саяси-экономикалық тәуелсіздік қолға кірітілгеннен кейін, өмірдің барша тарауларында, сол сияқты тәлім тарауында да түптен өзгертулер алып барылып үлкен өзгерістер жүз берді. өзгерістер республиканың даму және өсу жолы деп табылған демократикалық, жоғары адамгершілік, ұқықый қоғамның пайда болуы үшін қызмет етеді. Демократик, жоғары адамгершілік, ұқықый қоғамның пайда болу міндеті өсіп кележатқан жас ұрпақтың мойнына жүктеледі. өзбекстан Республикасының «Тәлім туралы» заңы, «Кадрлар дайындау ұлттық дәстүрі» және де Өзбекстан Республикасы бірінші Президенті И. А. Каримовтың сөздері және қатар шығармаларында тәлім және тәрбие Өзбекстан Республикасы экономикалық өсу тарауында тиімді деп жарияланып, мақсат және міндеттері белгілеп берілген.

Педагогикалық тәсір көрсету оқытушының қажетті коммуникатив қабілеттерінің бірі болып, алдымен оқытушының сыртқы көрінісін бейнелеуші мәдениеті, қатынасқа кірісуі және сөйлеу мәдениеті негізінде оқушылармен әрдайым тәрбиелік іс алып бару кезеңінде көрініс табады.

Педагогикалық тәсір көрсету-тәрбиеленушіге саналы тәртіп-қағида және еркін пікір жүріту дағдыларын пайда ету, тәрбиені белгілі бір мақсатқа сай тереңдестіру үшін жеке адамға әрдайым және тізімді тәсір көрсету, қоғамның социалдық-тарихи тәжірибелеріне жандасып жеке адамды жан-жақтама кемел таптыру, оның мінез-құлқы және дүниеге көз қарасын өркендету, жас ұрпақты анық мақсат негізінде тәрбиелеу, социалдық сана және мінез-құлықты халқымыздың бай мұралары негізінде қалыптастыруға бағдарланған іскерлік процессі. Педагогикалық тәсір көрсету негізінде тәрбиеленушінің санасы қалыптасады, рухи байлығы және сезімдері

дамиды, онда экономикалық өмір үшін қажетті болған экономикалық қатынастарды пайда етуде қызмет ететін құлық әдеттері жүзеге келеді.

Педагогикалық тәсір көрсетумен қоғамның жеке адамға қойылатын әдептілік талаптарына сай келетін құлықтық көндікпе әдеттері пайда етіледі. Оған ерісу үшін оқушының санасы, сезімі және күш-қайратына тәсір етіп барады. Егер осылардың біреуі назардан шетте қалса, оқытушының тәлім және тәрбиелік мақсаттарына ерісуі қиындасады. Тәрбие процессінде оқытушы басшылық етеді. Ол оқушылар іскерлігін белгілейді, олардың педагогикалық процессінде қатынасулары үшін қолайлы жағдайлар жаратады.

Педагогикалық тәсір көрсету мазмұнында тәрбие көлемі бейнеленген болып, оның мазмұны мемлекеттің экономикалық мақсаттарынан келіп шығып негізделеді. Тәрбие көлемі түрлі дәуірлерде мәртүрлі көрініс тапқан болса да, бірақ бағдарланғандық қасиетіне қарай бір-біріне ұқсас идеаларды бейнелейді. Себебі, әрбір халықтың өсіп дамуы, мемлекеттердің құдретті болуы ұрпақтар тәрбиесіне көп жақтан байланыстылығы ежелден өз көрінісін тапқан.

Әр қандай экономикалық қоғамда жас ұрпақ тәрбиесі белгілі мақсат негізінде пайда етіледі. Тәрбиенің мақсаты экономикалық қоғам өсуі, оның даму бағдары, экономикалық қатынастар мазмұнынан келіп шығып белгіленеді. Бүгінгі күнде өзбекстан Республикасында қалыптастырылып жатқан тәрбиенің негізгі мақсаты кәміл адамды тәрбиелеп кемелге жеткізуден тұрады.

Педагогикалық тәсір көрсетудің негізгі тәрбиелік тәсілдері өмірден, ұлттың жасау тәрізінен, ұлттық дәстүр және үрп-әдеттерден келіп шығып таңдалады. Олар оқушы тәрбиесін педагогикалық тараптан мақсатқа сай тәрізде ұйымдастыру көзде тұтылады.

Педагогикалық тәсір көрсету оқушылардың экономикалық пайдалы еңбек іскерлігін педагогикалық тараптан белгілі бір мақсатқа сай тәрізде ұйымдастыру үшін қолданылатын құралдар тізімінен тұрады. Осы құралдар

тәрбиеленуші жеке адамға қаратылған болып, оқушылардың мінез-құлқын қалыптастырады.

Тәлім және тәрбие процессінде оқытушы тарапынан педагогикалық тәсір көрсетудің негізгі тәсілдері: талап, келешек, марапаттау және жазалау, ұжымның пікірі.

Талап-тәлім және тәрбие процессінде оқытушының тәрбиеленушіге қарағанда жеке қатынастарында көрініс табады. Оқушының ол немесе бұл іс-әрекеті оқытушының назарында болып, жақсы тараптары марапатталып барылады немесе керісінше надұрыс іс-әрекеті тоқтатылып қойылады.

Келешек – тәсіршен педагогикалық тәсіл болып, оқушыларда еркін пікір жүріту, белгілі бір мақсатқа, ниетіне еркін талпыну сезімін қалыптастырады. Бұл мақсаттар олардың жеке талпынуларында, қызығу және қалаулерінде көрініс табады. Осы тәсіл мектеп оқушыларын жеке адам сыпатында маңызды адамгершілік қасиеттерінің бірі болған мақсатқа талапшандықты дамытады.

Марапаттау және жазалау-тәрбие тәсірінің дәстүри тәсілі болып, оқушылар мінез-құлқына жақсы тәсір етуден тұрады. Жақсы ұқлық, пайдалы еңбек және іс-әрекет, әдептілік сезім, тапсырмаларының сөзсіз орындалуы үшін оқушы марапатталады. Надұрыс іс-әрекет, тәртіпбұзушылық, өз борышын орындамастық жазалау арқалы анықтық кірітіледі. Осы тәсіл әдептілік тәсір көрсетуді тәминдейді, оны қолдау процессінде оқытушыдан өте талапшандық және сезгірлікті талап етеді.

Ұжымның пікірі – тәрбиелік тәсір көрсетудің ең маңызды тәсілі болып, оқушылардың экономикалық пайдалы іскерлігін орындалу нәтижелеріне қарап барлық уақыт марапаттап баруда көрінеді. Ұжымның тәрбиелік міндеттерін белгілі бір тарауда амалға асырылуын тәминдейді, оқушылардың бір-біріне достың қатынасын қалыптастырады.

Педагогикалық тәсір көрсету тәсілдерінен өнімді пайдаланудың ең маңызды шарты оқытушының адамгершілік тарапынан жандасуын талап етеді. Осы тәсілдер кәсіптік жауапкершілікті сезетін бірғана талпынуға

қаратылған адамдардың әрекетшең қатынасы болып табылады. Педагогикалық тәсір ету оқушылар психикасының аңдалмайтын бағдарына қаратылған болып, тәрбиеші мен тәрбиеленушінің жақын қатынаста болуын, олардың өзара бір-біріне сенімін, өзара түсінуін, тәсір ету мазмұны жеке адамның бір бүтін жағдайына практикалық тәсір етуді назарда тұтады. Сондай етіп, тәсір ету тәлім-тәрбие өнімдарлығын қазіргі заман талаптары дәрежесінде қалыптастырып баруда жол-жорық жаратып, оқушылардың белсенділігін марапаттайды.

Оқытушы тәрбиеленушілердің өзара тәрбиелік тәсірге ие екендіктерін, олардың өзара коммуникатив қатынастары және іскерліктері ортасындағы байланыстың бар болғандығы, оның өнімдарлығын белгілеп баруды ұмытпау қажет. Оқытушы сынып ұжымына және арнайы тәрбиеленушіге педагогикалық тәсір көрсетуде жетіскендіктерге ерісуі үшін, оқушылар арасында өзара педагогикалық қатынастар тізімін ақылға сай жоспарлауы және психологиялық мұхитты жақсы тарапқа өзгерттіруі қажет. Дұрыс қалыптастырылған және жан-жақтама жетіскен болып, жас ұрпақтың көңілі және санасын қорғауға, оларды ұлттық және жалпы қадірияттар рухында тәрбиелеуге қаратылған педагогикалық қатынастар тізімін қалыптастыру үшін оқытушы әр бір оқушы рухиятын терең біліп алуы, олардың ішкі мүмкіншіліктерінен хабардар болуы, ахборот беруі, пікір алмасуы, олардың қайғысын, сезімдерін түсінуі және сүйенушісі болуы қажет. Педагогикалық қатынаста жетіскендіктерге ерісу үшін оқытушы:

- оқушылармен болашақ қатынасын модельдестіре алуы;
- қатынаста болатын сынып ұжымы өзгешеліктерін алдыннан білуі;
- тіккелей сыпайы және біргелікте негізделген қатынас орнату;
- қатынаста үстіндікке ие болып, оны демократикалық талаптар негізінде ақылға салып басқару;
- қатынастардың жақсы және жаман тараптарын анализ етіп баруы қажет.

Педагогикалық ғылым бүгінгі күнге дейін тәлім-тәрбие жұмыстарының барлық аспектітері бойынша үлкен жетіскендіктерге ерісті. Бұндай жетіскендіктер бір неше ғасыр дауамында тәрбие мәселелерінің жан күйерлердің ұстаздық тәжірибелері үйреніліп, заман талабына жауап берерлік дәрежеде, қайта тексеріліп, мектепке ұсынылып отыр. Бұл оғада инсаний - адал қызмет барлық уақыттары алдыңғы, өз кәсібінің жанкүйерлері мұғалімдері тарапынан амалға асырылып жатыр.

Мұғалім өз кәсібі жолында пісіп жетіліседі. Айтып отырған кәсіп жолын басып өтуде, мұғалім әрине өткен және замандас ұстаздардың өмір жолы және кәсіптік сырлары мен кеңнен танысуы оның өзінінде ақиқи ұстаз болуына жәрдем етуші күшті фактор. Анығырақ айтқанда әр бір мұғалім алдыңғы жеке тәжірибелерді үйренбей ағла мұғалім бола алмайды.

Жеке тәжірибелерді үйрену қалай амалға асырылады. Бұл мәселеде әрдайым үлкен маңызға ие актуаль мәселе. Жасап жатырған немесе жасалған жұмыстарының логикалық байланысын, педагогикалық системасынын мәнісінде жетіп болмайды.

Жеке тәжірибелерді үйрену бұл мұғалімнен үлкен машақатты жұмыстарды талап етеді. Өз бетінше білім алу. Демек сіз ең әуелі жоқары оқу орнында алға педагогикалық және психологиялық білімдеріңізді бір қатар оқып шығып жатқа түсіресіз. Себебі алдыңғы тәжірибелерді үйрену сізден терең теориялық білімдерді талап етеді. Мұғалім балалар анатомиясын, гигиенасы туралы мағлұматтарға ие болуы керек. Керекті теориялық мағлұматтарға ие болғаннан кейін, өзімізді қызықтырған тәжірибе түрлері бойынша материалдар жиналады. Сіз жақсы мұғалім болғыңыз келеді, өз жұмысыңызға шығармашылық қатынаста болмай жақсы мұғалім болу қиын.

Шығармашылық педагогикалық қызмет - өнер. Шығармашылық пен жұмыс ісші мұғалім басқалардың тәжірибелерін үйреніп, өзіне сіндіріп сылап-сыйпап қоймайды. Өзінің «қабат-қабат майда елегінен» өткізіп, жаңадан пайда болған тақилетінде пайдаланады.

Мұғалімнің шығармашылық лабораториясы мазмұны оғада кең терең түсінік. Темірші темірді қалай таптайды. Көз алдына келтіру. Темір балқыса, енді одан полат жұмысы керек, шөккіштейді, суғарды, және шөккіленді. Жаңғырлап дыбыс шықты. Темір полатқа айланды. Бірақ ұстаның кеуліндегі полат емес. Және шөккілеу, және суғару, және дыбыс. Өне осы дыбыс ұста күткен, Алмас полат дыбысы. Мұғалімнің шығармашылық жұмысында осы тақилеттегі тән және қалып (жан) жұмысы.

Оқытушы тәрбиеші сыпатында тәрбиеленуші оқушыны өзі үшін әрқашан тәрбие объекті деп есептеуі керек. Бірақ тәрбиеленуші оқытушы-тәрбиешімен еркін және саналы қатынаста болуға еріссе ғана, тәрбиелік қатынастар өнімді характер орын тұтады. Тәрбие процессінің коммуникатив қатынастар кезеңінде өзіне сай қатар **қағидалары** болып, оқытушы оқушыларға педагогикалық тәсір көрсетуде оларды толық білуі қажет:

- тәрбиенің анық бір мақсатқа қаратылғандығы;
- тәрбиенің өмірдегі іскерлікпен байланысты оқиға екендігі;
- жеке адамды ұжымда тәрбиеленуінде өзіне сай қасиеттері;
- тәрбиеленуші жеке адамға қарағанда талапшаң болуы және оның жекелігін құрмет ету;
- тәрбиеленушінің жас және өзіне сай қасиеттерін есепке алуы;
- тәрбиелік істердің ізшілдігі және үздіксіз алып барылуын тәминдеу.

Қорыта келгенде, тәлім-тәрбие процесінде оқытушы тарапынан **педагогикалық тәсір көрсетудің – коммуникатив қабілеттің** негізгі тәсілдері: талап, келешек, марапаттау және жазалау, ұжымның пікірі сияқты түрлері мен жоқарыда айтып өттік. Мұғалімнің коммуникативтік қабілетінде оқушылардан өз уақтында талап ету, келешекке бағдарлау, өз орнында марапаттау және керек орында жазалау, сыныпта ұжымның пікірін есепке алу маңызды болып табылады.

§ 2.2. Оқытушының сабақтағы шеберлігі және қабілетінің маңызы

Қабілеттілік қызмет процессінде пайда болады және өседі, қабілеттілікті рауажландыру үшін зиректілік, ақылдылық, талант, яғни инсан нерв системасында анатомик-физиологик қасиет болуы да қажет. Оқытушының айырым психикалық процесстері онда шахсқа тән сыпаттардың сондай комплексін құрайды, бұны педагогикалық қабілет деп атауға болады. Ең маңыздысы жетекші қабілеттілікті тандап алудан ібарат болып, оларсыз мұғалім өз ісінің шебері бола алмайды. Мұғалімнің кәсіптік жұмысының табысты болуы педагогикалық ұқыптылықтарға байланысты. Педагогикалық қабілет мұғалімшілік тарауда табысты істеу үшін негіз болып табылады.

Қабілет – жеке адамның белгілі бір қызмет барысындағы зиректігі және оның өз жұмысын табысты орындауындағы субъектив шарт-шараяттарды сыпаттаушы жеке психикалық қасиет болып есептеледі.

Қазіргі уақытта елімізде жүз беріп жатырған әр түрлі өзгерістер жаңалану дәуірі әрбір инсаннан жаңаша ойлауды, бастама көтеруді, шығармашылық пен іс алып баруды қатаң талап етеді. Мектептегі сабақ-педагогикалық шығармашылықты амалға асыратын негізгі орын. Сабақ процессінде мұғалімнің ең негізгі талаптары амалға асырылады олар: жеткеру, білім беру, үйрету. Келешек ұрпаққа өзінің білімін және тәжірибесін жеткеріп беруде мұғалім өзінің дәретушілігін көрсетеді.

Сабақ уақтында дәстүрге айланып кеткен көпшілік кемшіліктер ұшырасады. Бұнда мұғалімдер оқушылардан төмен өздестіріп алған оқу материалдарын есте сақтап қалуды талап етеді. Оқушыларды өзіндік еркін пікірлеуге немесе әр түрлі дискуссияларда сұрақтарға жауаптар табуды үйретудің орнына кітап текстің сөйлеп беруді өз сөздері мен жеткеріп беруді талап етеді.

Бұндай оқытулар өзгертілуі керек. Оқыту процессін ұйымдастыруда жаңа сапалы тәсілдер енгізілуі тиіс.

Сухомлинскийдің көрсетуінше: табыстан пайда болған рухтану бар жерде ғана, оқуға қызығушылық болады.

Өзінің кәсіптік қызметі дауамында мұғалім 25 мыңнан артықрақ оқытады. Қайсы педагог өзінің сабағының мазмұнды және қызықты болып өтуін қалемейді.

Кімнің шебер мұғалім болғысы келмейді. Бұл үшін көп стаж бен тәжірибелі мұғалім болуы аздық етеді.

Сабақ әрбір мұғалімнен өркендеген шығармашылық педагогикалық ойлауды, педагогикалық шеберлікті иелеуін талап етеді.

Заманагөй сабаққа дайындалуда және өтуде ең негізгі дыққатты неге аудару керек.

Мұғалімнің сабақты өтудегі табысы бірінші кезекте оның идеялық-теориялық және кәсіптік таярлығына байланысты болады. Сабаққа таярлану барлық уақыт оқытатын предметіне байлынысты оқулықтарды оқып жүруді, психологиялық-педагогикалық және методикалық характердегі кітаптарды оқуды, методикалық журналдарды, газеттегі мақалаларды, жаңа педагогикалық тәжірибелерді енгізу мақсатында жасалып жатырған алдын пікірлерді оқып танысып баруды талап етеді.

Мұғалім бұл сабақтың авторы, сабақтың өтілуі оның рухлануы және шеберлігіне ғазерді.

Ақыл қызметін басқару.

Сабақ процессінде оқыту қызметін басқару көптеген факторларға байланысты. Ең негіздерінің бірі бұл мұғалімнің өзінің предметін оқушыларға қызықты етіп көрсете алу ұқыбында. Қызығушылық барлық психикалық процесстерге жақсы тәсірін тигізеді, қабыл етуге, дыққатқа есте сақтауға, ойлау және еркке.

Оқуға білуге қызығушылықты пайда етудің қандай шарттары бар. Шебер мұғалім сабақ уақтында бұл қызығушылықты оқушыларда қалай пайда етеді. Оқу қызметін активтестіру және оқуға деген қызығушылықтың әрдайым өркендеп баруы үшін ол не істеуі керек.

Шебер мұғалім оқушыларда оқуға деген қызығушылықты пайда етуде және де рауажландыруда төмендегі негізгі жағдайларды басшылыққа алады:

1. Білуге қызығушылықты рауажландыру, үйреніп жатырған пәніңе болған сүйіспеншілікті пайда ету, бұнда ақыли еңбекті ұйымдастырып, оқушыны өз бетінше істеуге және жаңа білім сырларын ашуға құнықтыру, машқалалы мәселелерді шешуге әрекет еттіру.

2. Оқу еңбегі, әр қыйлы басқа еңбектегілердей, әр түрлілігі мен қызықты болады бір қалыптағы хабарландырулар және бір қалыптағы тәсір етулер жалытуды пайда етеді.

3. Үйреніліп жатырған пәнге қызығушылықты пайда ету үшін оның мазмұнының ең керектісін, маңыздысын және мақсатқа сай деп тапқандарын терең түсініп білуі керек.

4. Үйренілетін жаңа материал қанша дәрежеде өтіліп кеткен материал мен тығыз байланыста болса, ол оқушылар үшін сонша дәрежеде қызықты болады.

5. Өте аңсат және өте қиын болған материал қызығушылықты пайда етпейді. Оқу қиын, бірақ баланың шамасы келетін дәрежеде болуы керек.

6. Оқушының жұмысы қаншама тез-тез тексеріліп және бағаланып тұрылса, олар үшін істеу соншама қызықты болады.

7. Оқу материалдарының айқындығы, көркемдігі, мұғалімнің шын кеулі мен түсіндірулері оқушыға, оның пәнге болған қатынасына күшті тәсір етеді.

Педагогикалық еңбектің шеберлері оқыту методларын таңдауда дәретушілік және жауапкершілікті жағдайда қатынас жасайды.

Шебер мұғалімдер лекция сабақтарын, семинар сабақтарын, диспут сабақтарын, конференция сабақтарын, экскурсия сабағын, арнаулы кабинеттерде өз бетінше жұмыс істеу сабақтарын, конкурс сабақтарының өтілуіне айырықша дыққат аударады.

Педагогтардың шеберлігі бұл сабақтарды өткеру процессінде жүзеге шығады.

Лекция сабағы - оқушыларда ойлауды активтестіруге үлкен жәрдем береді. Тәжрибе алғаш лекцияны түсіндірудің мақсатқа сай екендігін көрсетеді. Кейін керекті білімдерді алу, идеяларды дәлелдеу, негізгі

тараптарын тандап алу принциптері көрсетіледі. Тек осыдан кейін ғана көріліп жатырған мәселенің маңызы ашылады.

Дөретушілік пен істейтін мұғалімдер лекцияны оқығанда диалогтардан, сұрақтардан, қайталаулардан, салыстырулардан, ұқсатулардан пайдаланады.

Семинар сабағы - оқушыларда жаңа білімдерді және нызамдылықтарды ашуда үлкен ақыли активтікті пайда етеді.

Диспут сабақтары - бұл жоқары шеберлікті пайда етеді.

Проблемалы оқыту. Алдыңғы қатардағы шебер мұғалімдердің шебер емес мұғалімдерден сабақ өтудегі негізгі айырмашылығы төмендегілерден тұрады. Шебер еместер өздерінің сабақтарында негізінен оқушыларға ғылымның таяр қорытындыларын береді. Бір мұғалімдер аралас сабақ өтуде үйренген, еш қандай ойламастан таяр материалды үйретеді. Бұл әлбетте ізденіп, проблемалық жағдайларды пайда етіп, оқушыларды ойлануға итермелеп оқытқаннан аңсат болады. Басқа мұғалімдер рауажландырушы оқытудың мәнісін толық түсінбеген болады. Олардың дидактикалық және жалпы педагогикалық білімдері төмен.

Талантты мұғалімдер, өз ісінің шеберлері балалар мен қарым-қатнас жасағанда олар демократиялық стильден пайдаланады және де ең алдыңғы оқыту методтарын оқушылардың дөретушілі ойлауын өсіруші методтар системасын қолданады. Оларда проблемалық ситуациялар оқушылардың білімді өздестіріп алуының дерлік барлық этаптарында болады.

Олар балаларға барлық формулаларды және нызамдарды, көптеген күндер мен аттарды, жүздеген қаделерді жаттап алуға мәжбүрлейді дұрыс емес дейді: адам өмірі үшін онша қажетті болмаған нәрселерді оқушылардың жадында сақтап, оларға ауырманшылық сала беруді бикарлайды.

Шебер мұғалім барлық уақыт өзінің сабақ оқыту методикасын және техникасын өзгертіп отырады. Әр қыйлы проблемалы (машқалалы) жағдайды пайда етіп, шебер мұғалім оның шешілуі жолдарын іздестіріп, анализдеп, практикалық жақтан дәлелдеп көрсетіп береді.

Шебер мұғалімнің сабағы бұл педагог пен оқушының біргелікті жағдайда ақыйқаттықты іздеуі, бұл мәдени ойлаудың лабораториясы. Бұндай сабақта оқушылар өздерінде білімге деген қызығушылықты, талапшандықты пайда етеді. Олар әр түрлі сұрақтарды тудырып оларға жауап табуға әрекет жасайды. Олар өздерінің ақыл-ойын жүрітеді, оқудың қиын тараптарын жеңеді.

Қадімгі дәстүрге айланып кеткен сабақтарда мұғалім сұрақ береді, ал оқушылар кітапқа негізделіп оған жауап қайтарады. Бұндай жағдайда оларда тек сабақтың авторы және мұғалімдер тарапынан табылған ақыйқаттық ғана түсінік қалады. Тағы нені іздеу керек. Не үшін іздеу керек. Ақыйқаттық табылған, оны тек қабыл ету керек, жаттау және іске асыру керек. Бұл әрине сабақ уақытында оқушыларды жалықтырады, оқуға деген қызығушылықты пәсейтеді.

Жеделдестіруші, ізденушілікті талап ететін, машқалалы оқытуды іске асыру үшін шебер мұғалім оқушылар үшін сұрақтар және тапсырмалар системасын ойлап табады. Шебер мұғалімнің сұрақтары ақыйқатында қысқа, дәл және анық болады. Олар тек ғана ақылды жеделдестіріп, жеке ойлауды пайда етіп қоймастан, оқушылардың дөретушілік ұқыпты-лығын рауажландырады, оларда ұйымдасқандықты және де әдептілікті тәрбиелейді. Бахытқа қарсы, өткерілген тәжірибелерге қарағанда мұғалімдердің оқушыларға беретін сұрақтарының 80% ке жақыны оқушылардың механикалық өздестіруіне мөлшерленген: “Бұл не, қандай атамасы бар”, “Бұл нешінші жылы болған”, “Есімдіктің анықтамасын айт”, ж.т.б. Механикалық есте сақтауға үйрету, оны рауажландыру әлбетте керек, бірақта соның мен бір қатарда оқушының білу белсенділігін, ойлауын, дыққатында рауажландырып бару керек.

Көптеген жағдайда мынадай типтегі сұрақтарды көптеп пайдаланған жақсы, бұнда үйреніліп жатырған заттың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуды талап ету, олардың себебін табу, әр қыйлы

өздестірілген білімдерінің ішінде тек ғана керекті болған білімін сол жерде пайдалана білу ұқыптылығын арттыру.

Берілген сұрақ оқушыларға түсінікті ме, олар жауап беру туралы ойланып отырма, әлбетте бұл туралы мұғалім үстіртін қарамау керек. Ұзын-шұбай, қиын және көптеген сұрақтарды балаларға үйіп бере беруге болмайды. Мысалы “Ұлы Британияның табиғаты туралы оның климаты, қазылма байлықтары, дәрия және көлдері туралы айтып бер”. Балалар бұндай көп мұғдардағы сұрақтарды өз басында ұстап тұра алмайды, және кіші сыныптарда балалар тек ең кейінгі сұраққа ғана жауап беруге әдеттелген.

Сабақ уақытында өзіндік жұмыс.

Шебер мұғалім оқушыларды барлық уақыт білімді өз бетінше өздестіріп алуды системалы түрде үйретіп барғандығы себепті, олар жас мұғалімдерге қарағанда аз энергия жұмсау мен өзі көздеген нәтижелерге еріседі.

Ол мынадай қәделерді басшылыққа алады: егерде берілген тема оқушылар үшін аңсат болса, онда оны өз бетінше істеуге тапсырады, егерде қиын болса, мұғалім теманы өзі түсіндірі береді. Сабақ уақытындағы өз бетінше жұмыстың көптеген түрлерін мұғалімдер оқушылардың жаңа білімдерді жақсы өздестіріп алуға таярлау мақсатында қолданады. Бұл бірінші кезекте жұмыстар қайталау характерінде болады. Соның ішінде бұрынғы өтілген темалардан жаттығулар және тапсырмалар.

Мұғалімнің тапсырмасы бойынша оқулық кітаптан қалеген бір текстті оқу, графикалық жұмыстар схема және таблицалар түзу. Сабақ процессінде және де практикалық сабақтарда оқушылардың өз бетінше істеуі олардың жаңа білімдерді маңызды өздестіруінде жәрдем береді. Әр қандай жағдайда да оқушылардың өз бетінше істеуін оқу процессінде енгізу әр қашан мұғалімнің басшылығы астыңда амалға асады.

Тәжрибелі мұғалімдер оқушыларды кітап пен істесуге, конспекті жасау техникасына, дөретушілі жұмыстарын орындау методикасын ұйымдастыруға үйрету қажет деп есептейді.

Тәжірибелі педагог сабақта жұмыс істеп жатырған шаққан оқушыны іркпейді, әсте істейтін оқушыны асықтырмайды. Сұраққа дұрыс жауап берген оқушыға кезектегі сұрақты береді, ал қате жауап берген оқушыға қосымша тапсырмалар береді.

Жас мұғалім өз бетінше жұмысты ұйымдастыруда өзіне оғада аз жауапкершілікті алады.

Оқушылар соған үйренген болады, бұнда мұғалім барлығын өзі түсіндіреді, ең керекті деген жерлерін айырып көрсетеді, дыққатты неге аудару керек екендігін белгілеп береді ж.т.б.

Бұндай жағдайда оқушылар көбінесе өз бетінше істеудің не екендігін түсінбейді.

Және де шебер мұғалімдер оқушыларға үй тапсырмасын олар үшін қызықты етіп беруге әрекет жасайды. Осы мақсат пен үй тапсырмасын ауызша және жазба, қосымша әдебиеттер мен практикалық жұмыстарды орындау, өз қаллеуі бойынша тапсырмалар, мәжбүри және қаллеуі бойынша жеке немесе топарласып орындауы үшін тапсырмалар береді.

Оқушылардың үй тапсырмасын жақсы орындауы үшін мұғалім сабақ уақтында үлкен таярлық жұмыстарын алып баруы тиіс.

Сондықтан да тәжірибелі мұғалімдер әр бір сабақта таза материалды толық, анық жеткеру үшін көп уақыт бөледі. Себебі егерде таза тема жақсы түсіндірілсе, оқушылар оны толық өздестірсе ендігі сабақта үйге тапсырмасын тексеруге аз уақыт кетеді.

Шебер мұғалімдер сабақ барысында оқушыларды үйге тапсырманы орындауға системалы түрде таярлап барады. Тапсырманы түсіндірген олар негізгі дыққатты тапсырманың анықтылығына бір мәнілілігіне және түсініктілігіне аударуы, ақыйқатында да барлық оқушы дерлік тапсырманы түсіндіме және анық білдіме, міне осыған үлкен кеуіл береді. Егерде үйге берілген тапсырманың қалай орындағандығы мұғалім тарапынан күнде тексеріліп барылса, бұл оқушылардың құнығып сабақ таярлауына негіз

болады, балаларды жеделдестіреді, ал егерде үйге берілген тапсырма тексерілмесе балалардағы оқуға деген қызғушылық төмендейді.

«Үйге тапсырма бердің бе? тексер, тексермесең берме» - осы қағиданы әр бір мұғалім басшылыққа алуы тиіс.

Мұғалімнің педагогикалық еңбегінің мәдениеті жоқарыда атап өткеніміздей. Педагогикалық шеберлікті иелеуі үшін мұғалім тек өзі оқытатын пәнді жақсы біліп қоймастан, саяси тарауда, ғылымда, искусствода, техника және спорт тарауларында адамдарды көбінесе нелер тыңышсыздандыратындығы мен де қызығуы керек.

Сабақ оқу тәрбие процессі сияқты барлық уақытта саяси бағдарланушылықты өз ішіне алады. Сабақ бұл және кафедра және трибуна жалпы сабақ бұл мұғалімнің дүниеге өзінің және балаларына қатынасын анықтаушы көз-қарасы позициясы.

Сабақ уақытында қалайынша жақсы психологиялық режимді сақтауға болады. Бірінші кезекте баланың дыққатына кесент ететін, оны алаң қылатын, сынып жағдайында, достары арасындағы және өзінің жеке жұмысында баланы қауетірге салатын барлық жағдайларды саптастыру керек.

Орта және жоқары сыныптарда сабақ өтетін жас мұғалім барлық уақыт сабақ уақытында баланың не мен шұғылданып отырғандығын, қалған оқушылар бар ма, жоқ па екендігін назардан шетте қалдырмау керек. Еш қандай күмансыз бұндай жағдайлар тілшілерде, географтарда да, тарихшыларда да ұшырасады. Не себеп? Себебі мұғалімдерде де оқушыларға тәсір ету ұқыптылығы, шеберлігі толық жетіліспеген. Соның үшін де мұғалім арнаулы психологиялық білімге және практикалық көндігуге, жаттығуға ие болуы керек.

Әр түрлі істелген қарапайым сабақтар соны көрсетеді, 45 минуттық сабақта педагог өзінің тәрбиеленушілеріне орташа 100 түрлі талап қояды. Бұл азба немесе көп пе? Бұл сұраққа жауап беру үшін А.С.Макаренконың айтқанын еске түсіреміз: -Егерде кімде кім меннен менің педагогикалық

тәжірибемді түп маңызын, мазмұнын қысқаша формула мен қалайынша анықтап бере алатындығымды сұраса, мен адамға мүмкіншілігі болғанынша көп талап қою және мүмкіншілігі болғанынша оған құрмет көп талап қойғандығында емес, ал қалайынша қойғандығында.

Қалайынша талап етіп үйрену керек.

Бұл методты өздестіріп педагогтар барлығынан бұрын балаға жеке тәсір етуді, сабақ барысында оларға ұрысып немесе мақтап қошеметтеп, айырым ескертулер қылуды, қорытынды шығаруды үрдіс етеді. Олар кімге, қалайынша және қандай талап қою керектігін жақсы біледі, ал оқушылар болса талапты біліп үйренеді.

Ең педагогтың қоятын талабы анық, жеңіл (баланың шамасы келетіндей) және ақырына жеткеретіндей болуы шәрт.

Сабақ процессінде оқушы тек оқыған пәнің әр қоршаған дүние қадиселерін біліп ғана қоймастан, онда оларға деген белгілі бір көз-қарас пайда болады. Айырым өкіғалар оны ойландырса, басқалары ол үшін бәрі бір, немқұрайлылық пен қарайды, бір нәрселер оған ұнаса, біреулері мен қызықпайды, айырым мұғалімдерді ұнатса, біреулерін жаман көреді.

Екіншіден: сабаққа анау немесе мынау жаңалықтар туралы мағлұматтар, қызықты оқиғалар кіргізу жәрдемі мен, белгілі оқымыстылардың өмірі және қызметі туралы мағлұматтар, творчестволық ізденуге рухланған, адам ақылының қауестігі туралы әңгімелер айту.

Үшіншіден: сабақтың мазмұнды болуы үшін оқушыларды, олар үшін қызықты болған дәретушілік жұмысқа тарту керек. Бұндай жұмысқа балаларды құнықтыру түрлі ситуациялардың әр түрлі типтерін қолдану мен байланысты болады. Проблемалық ситуация (машқалалы жағдай) бұрын белгілі дәрежеде таныс болған бір нәрсені таза, жаңа тарапын, кейде күтілмеген тәрепін қарайды. Балалардағы осы күтілмегендік, осы табысты болуы үшін өте пайдалы.

Мысалы: бесінші сынып оқушылары география сабағында - Троносферада ауаның қызуы- деген теманы үйренгенде олар жердің күннен

ыссылық алатындығын еске түсіреді. Күнге қанша жақын болса, сонша жылы болуы керек. Бірақ та мұғалім жерге қарағанда жоқары атмосферада ауа салқынырақ болатындығын балаларға ескертеді. Бұндай факттер алғашында оқушылар үшін түсініксіздеу болады. Мұғалім тахтаға -төбесіне қар үйілген суретті қыстырып, балалардан сұрайды: -Не үшін жазда биік таулардың төбесінде қарлар жатады, таудың төбесі күнге жақын ғой. Оқушылар ойланып өз пікірлерін айта бастайды. Күн нұрлары жерге түсуі менен оның бетін қыздырады және одан атмосфера ауасы қызады. Жерге қанша жақын болса, сонша жылы болады және керісінше. Оқушыларды жақсы эмоциялар мен оқытудың 4 бағдары бұл мұғалімнің оқу материалдарына эмоционал (қызығу, сүйсіну, жақсы) қатынаста болуы мен байланысты болады. Бастауыш мұғалімдер мынаны есте тұту керек: мұғалімнің ұқыптылық пен сабақты сұлу, образды етіп, бар ынтасы мен түсіндіруі оқушыларға күшті тәсір етеді, оларды қайран етеді, өзіне тартады.

Ғылымпаздардың зерттеулері сонны дәлелдейді, тәжірибелі оқытушылардың жеке қасиеттерінің арасынан оқушылар олардың қуанышты, әзілкеш характерін айырып көрсетеді. Бұл мұғалімге егерде балалар қатты шаршап, немесе зерігіп олардың дыққаты әр жаққа бөлініп, ыдырасып отырған жағдайда сынып атмосферасын жақсы жағдайға алып келуге көп жәрдем береді (әзілдеседі, күліседі, құлласы балалардың дыққатын өзіне тартады).

Бұндай жағдайда ол балаларға аз ғана дем береді физкульт минут өткереді, коллектив пен өздерінің ең жақсы көретін өлеңін айттырады. Керісінше кем тәжірибе ие мұғалімдер сабақ уақытында мүмкін болған жерінде де балаларға күлісуге рұқсат етпейді, тәртіпті бұзып алудан қорқып, балалардың пәтін қайтарып отырады. Бұндай мұғалімдердің ең бір жаман жері онда тек юмор сезімнің (әзілінің) жоқтығында емес, ал бұл сезімнің оқушыларда пайда болуы онда оқушыларға деген дұшпандық қастық сезімнің туылуына алып келеді.

- Мектептің қуанышты, қызықты, көтеріңкі рухына, дұшпанға кесентікке қарағандай қарау, бұл ең үлкен қатешілік.

Сабақтың темпі (тездігі, пәті).

Сабақтың темпі мұғалім үшін тек қызмет мәдениеті машқаласы емес, ал сабақтың сапасы, тәртіп машқаласы. Оқу қызметінің темпі (пәті) жоқары болуы керек, бірақ оқушылардың жетерліктей дәрежеде, сондықтан да оқу жұмысының жоқары пәтін қолдап қуаттау үшін шебер мұғалімдер оқушыларда практикалық жаттығу және көндігулерді тәрбиелейді. Кем тәжрибелі мұғалімдер уақыттан толық пайдалана алмай қалудан қорқып, оқушылардың мүмкіншіліктерін және олардың материалды өздестіру сапасын есепке алмастан сабақтың темпін күшейтуге әрекет жасайды. Бұндай сабақ ритмін бұзу оқушылардың кеуіл қошына (нормальное рабочее построение) кері тәсір жасайды және жалықтырып жібереді.

Жақсы жұмыс темпін анықтау үшін төмендегілерді айтуға болады: барлықты қанағаттандыратын {орташа} сабақ темпін табу, оқушылардың жеке жұмыс формаларының байланысын іздестіру, оқушылардың жұмыс түрін өзгерту және түрлі формаларын ойлап табу, уақытты мазмұнсыз жұмсауды қысқарту. Сабақта жұмыс темпін әсте ақырындық пен күшейту керек. Сабақтың темпі туралы мәселе мұғалім тарапынан тек жұмыс процессінде ғана шешіледі.

Сабақта өзін-өзі тексеру жас мұғалімнің педагогикалық ұқыптылығын өсуін тездетеді, тәжрибелі мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін өздестіріп алуына жәрдем етеді. Өзін-өзі анализдеуі мен мұғалім сабақта өзін-өзі басқарудың және өзін-өзі жетілістірудің қарулы құралына ие болады, табысты жұмыстың тәсілдерін аңғарады, бұл өз кезегінде жұмыстан қанағаттануды пайда етеді, мұғалімнің рухи күшін толықтырады.

Сабақты анализдеудің төмендегіше жалпыласқан принциптері басшылыққа алуға болады.

Сабақта істеймін деп ұйғарған нәрсең мен ақиқый орындаған нәрсені салыстыру.

Шамалаған нәрсенің нәтижесі мен салыстырып оқушылардың алға ілгерілеу дәрежесін анықтау (білімде, көндігуде, өсуде). Сабақта оқушылар қызығушылық пен жұмыс істейме-соны есепке алу.

Сабақтың сапалы тәрепі.

Сабақта берілген тапсырманың орындалуын бағалауда оқушылар тарапынан білім, ұқыптылық және көндігулердің қандай дәрежеде өздестіргендігі анық болады.

Сабақтың сапалы тәрепін анықтау бұл мұғалім үшін шеберлік мектебі, сабақты ұйымдастыруда анағұрлым маңызды тәсілдер және методтарды аңды қолдану шариаты болып табылады. Ол сабақта ненің сәтті болғанын және ненің сәтсіз болғандығын, бұл сәтсіздіктің қалай келіп шыққандығын және оны қалай саптастыру керек екендігін көре алады, педагогикалық шеберлікті жоқарылату үшін нені өркендету және беккемдеу керек екендігін біле алады. Сабақтың сапасын схема мен аңдатуға болады: тапсырманы сұрақ-түсіндіру-беккемдеу-үйге тапсырма беру.

Солай етіп, мұғалімнің таярланудағы және сабақты өтудегі шеберлігі бұл құрамалы жұмыс, бірақ соны иелеу әр бір ойланып істейтін мұғалім үшін қажет.

§ 2.3. Оқытушының педагогикалық іскерлігінде коммуникатив қабілеттің орны

Сөз бен ауызша тәсір өткізу оқытушының мәдениеттілігінде және оқушы қатынасында үлкен маңызды иелейді. Себебі адамның «ақылы, пікірі, сезімдері, білімі және мәдениеттілігі, ой-өрісі белгілі дәрежеде сөзде көрініс табады. Қарым-қатынас мәдениетінде сөз ақылдан күш, тілден ерік алады» (Азиз Юнусов). Сөз бен ауызекі тәсір жасауды амалда өз педагогикалық іскерлікте қолдаушы оқытушы өз сезімдерін, шығармашылық тәсірленуін басқару дағдыларына ие болуы және өз сезімдерін тек ғана тәлім-тәрбиелік мақсатты амалға асыру үшін сәулелендіруі және оқушы көңілін орынсыз сөздер мен жаралап қоймастығы, сөздерді анық сәулелендіруде

педагогикалық такт нормаларынан шығып кетпеуі қажет. Сөз құдіреті туралы Р.Декарттың төмендегі пікірлері оқытушыларға тікелей байланысты: «Сөздердің мағыналарын, құдіретін адамдарға анық көрсетіп түсіндіріп берің, сонда сіз адамзат ғаламының барлық түсінбеушіліктерінің жарымынан құтқарған боласыз».

Бұнда оқытушының тіл алғыштығы қалыптасқан шешендік өнері және актёрлық қабілетін көрсете алуын арнайы айтып өту керек. Оқытушы актёрдай дайын текстті жат алмайды, бірақ ол әрқашан қайталанбас жағдайда шығармашылық істерін жасайды. Сөз бен ауызша тәсір жасау оқытушыдан пікірлерін, педагогикалық қабілет техникасын, жаратушаңдықты талап етеді.

Оқытушының мимикалық белгілері және жүз әрекеттері сөзбен ауызекі тәсір жасауды күшейттіреді. Жүз әрекеттері және мимикалық белгілері сөйлеуде дауыстың жоғары-төмендігі мен сай келуі керек. Хабарландырушы сөздер, шешендік өнері негізінде тәсір ету, міндетті атқаруға үндеуші бұйрықтар, қадағаланған қағидаларды қолданбау, әзіл арқалы пікірді аңдату, оқушының еркін қатынастарын мақұлдау немесе надұрыс әрекеттері үшін айыптау сөзінің ауызекі тәсір етуші компоненттері есептеледі. Сөзбен мимикалық және жүз әрекеттерінің бірлігі жарияланып жатқан ақпарат мұғдарларын және тәсіршендігін күшейттіруі қажет. Әрқандай жағдайда оқытушы оқушылармен сыныпта ұшырасуға арнаулы дайындық көруі қажет.

Оқытушының сынып ұжымымен болашақ дайындыққа тиісті үлгілі мысал Ф.Самуйленковтың «Мастерство, педагогический такт-это авторитет учителя» («Оқытушының шеберлігі және такты-оның абыройы») кітабында келтірілген: «Мен IV «Б» сыныпқа кіруден алдын оқытушылар бөлмесінде жүзімдегі күлкіні жоқ етемін. Сыныпқа кіруден алдын бір мезгіл тоқтап, өзімді дайындап аламын, өзіме қатаң, дерлік мағынасыз түс беремін. Оқушылармен кем, өте анық, кескін әңгімелесемін. Ешқандай ойынға жол қоймаймын. Сабақ өтіп жатқан уақтымда отырмаймын, балалармен татулықта боламын. Бұндай кезеңді сақтау маған аңсат емес, бірақ соған үйренгенмін, себебі қазірше бұл сыныпта өзімді басқаша тұтуым мүмкін

емес: сынып тез тәсіршең, жылдамдық пен «құрғақтан шығып кетеді де және қайтып ағымға түсуі қиын». Ғалымның пікірлері қазіргі күнде өз құдретін жоғалтпаған. Ол оқытушының әрбір әрекетінде анық пікір жүрітуге үндейді. Оқытушының әрқандай оқытушы әзілі немесе жаман қылықтары жылдам кері реакция беруі мүмкін. Сондай-ақ жеңіл әзілге және сынып оқушылары қызғын жауап береді, олардың пікірін қайтадан «жинап» назарын аудару және іс көтеріңкілігін жарату кейін өте құрамалы болуы мүмкін.

Сөз бен ауызша тәсір етуде оқытушының сөзі анық, жұмсақ және түсінікті болуы, интонациялар өз орнында қолданылуы керек. Сөзбен ауызекі тәсір жасау құдіреті Шығыс халықтарында ежелден белгілі болған. Себебі, оқытушының «Мағыналы және көркем сөйлей білуі, сөздің арқа оңын, мүнәсіп орнын парықтай білуі, сөз әдебі сияқты сыпаттар: «Туранда адам жалпы әдептілігінің, рухи комплекттің тірек үстіндерінен саналған» деп айтады ғалым Н.Махмудов.

Қазіргі дәуірде оқытушы іскерлігінде кездесетін коммуникатив қатынастарда сөз бен ауызекі тәсір жасау әр-алуан болып, тікелей педагогикалық тәсір көрсетудің еркін көрінісін өзінде пайда етеді. Білу, аңдау, экспрессив (сезімдерге берілу жағдайы), экономикалық дәстүри қатынас, адам жағдайын сөзсіз түсіну оқытушының педагогикалық іскерлігінде кездесетін барлық уақыт қайталанып тұратын коммуникатив қатынастардың түрлері саналады. Тәрбие процессін ұйымдастыруда оларды назарда тұту қажет.

Тәрбиешінің сыртқы көрінісі эстетикалық тәсіршең болуы тиіс. Өзінің сыртқы көрінісіне кеуілсыз қарау, немесе қадден тыс дыққат аударуға да болмайды.

Мұғалімнің киімі, ондағы безектер барлық уақыт балалардың тәрбиесіне дұрыс тәсір етуге қаратылған болуы керек. Мұғалім өзін безеу косметикадан пайдалану құқықына ие, бірақ мұғалімшілік кәсібі мұғалімнен безенудің өлшемін білуді, оны сезінуді талап етеді. Оның сыртқы көрінісінің тәсіршең болуына бет әлпетінің жайдарлығы, кеуілділігі, қол әрекеттері, жүз

әрекеттері, жұмыстың салдамдылығы, жалпы әрекеттерінің орынды қолданылуы үлкен тәсір жасайды. Мұғалімнің бет әлпетінде қапашылық, ашу, шаршау, қопалдық т.б. ерсі көріністер орын алмасын. Сыныпқа қалай кіру, балаларға қалай қарау, сәлемдесу, сынып ішінде жүруі бәрі-бәрі балаларға тәсір ету күші екендігін мұғалім жақсы түсінуі және дұрыс пайдалана білуі шәрт. Мұғалімнің барлық әрекеттерінде, көз қарастарында, сөзінде, сенімінде балалар өзіндегі жасырын күшті, терең сенімді сезінетін болуы тиіс.

Мұғалім өзін арқайын, еркін, сабыр-тақатты ұстап білсе, өзінің сыртқы көрінісіне ең асыл безеуді қостым деп білсе болады.

Пантомимика-бұл дененің, қолдың, аяқтың әрекеті. Бұл мүшелердің әрекеті мұғалімнің басты мақсаттарын ашып көрсетуге, мақсаттың суретін салуға жәрдем береді. Сабақты қызығып өтіп жатырған мұғалімнің іс-қимылын бір бақылап көрің. Оның басы, мойыны, қолдары, жалпы денесі бір бүтін халда оқу материалдарын түсіндіруге бағдарланған.

Мұғалімнің тік сұлу сын-сымбаты, оның ішкі қадір-қымбатың көрсетеді, жыйнақтылығы, нық қадамдері өзінің білімі және күшті сенімді білдіреді. Керісінше салбыраған бас, салпаосыған қолдар, сүмірейген бет әлпет мұғалімнің рухани әззілігі мен өзіне сенімсіздіктің, сауатсыздықтың айнасы. Мұғалім балалар алдында дұрыс тұруды үйренуі шарт: (аяқтар арасы 13-15 см ашық, бір аяғы алдына азғантай халда иілген). Барлық әрекеттер және поза (деніні қалай ұстауы) өзінің сұлулығы, жағымдылығы және қарапайымдылығы мен оқушыларды өзіне тартуы лазым. Денені дұрыс ұстау эстетикасы-шайқатылып тұруды, аяқтарын орынсыз алмастыра беруді, орындықтың арқасына сүйеніп тұру әдеттерін, керек емес нәрсені қолда айландыру, басын ұстауды, мұрнын сыпыруды, құлақтарын қасуды бикарлайды. Мұғалімнің басы, қолы т.б дене жәрдемінде көрсетпелері өте сұлу істенуі керек. Оларды орынды қолдануға үйренуі керек.

Мимика-өз пікірін, сезімдерін, кеуіл хошын, жағдайын бет әлпеті әрекеті арқылы көрсете алу санааты. Көбінесе адамның бет-әлпеті және нәзер

тастауы балаларға сөз бен түсіндіргеннен көре көбірек тәсір етеді. Жест және мимика информацияның тәсіршендігін арттырады, оны өздестіріп алуды жеңілдетіреді.

Балалар мұғалімнің жүзінен оның қатынасын, кеуіл хошын сезеді, сондықтан да бет әлпеті арқылы өз сезімдерін білдіре бермей, айрым уақыттары оларды жасырыпта білу керек. Мысалы: мұғалім өз тәшуіштерін, келіспеушіліктерін, қапа көрінісін сыныпқа алып келмеуі керек. Бет әлпеті арқылы іске қатынасы бар, оқу тәрбие мәселелерінің шешілуіне жәрдем беретін сезімдерді ғана көрсетуге әдеттенуі шәрт.

Әлбетте беттің көрінісі сөйлеу, қатынас жасау характерлеріне жауап беруі керек. Мұғалім өзінің бет-жүзі арқылы әр түрлі сезімдерді балаларға сездіре білуі керек. Мысалы: сенім, қолдап қуаттау, бикарлау, қуанышы, наразылығы, мақтаныш, бипаруалық, қызығушылық, қайғыру (возмущение) сезімдерін білдіру, қайран қалу, қайыл қалу.

Оқушылар тәрепінен оқу материалын дұрыс және жақсы түсініп алу процессі оқытушы сөзінің анықтығына, көркемдігіне байланысты. Әсіресе оқушылар мұғалімнің сөйлеу шеберлігі, қабілеті қай дәрежеде екендігіне тез кеуіл береді. Мұғалім тәрепінен айырым сөздер, дауыстар қате айтылса оқушылар арасында күлкі, мазақтау пайда болады. Сондай-ақ бір тонда сөйлеу оқушыларды зеріктіреді, керісінше көтеріңкі рухта сөйлеп, шауқым салу оқушыларға өтіріктей түйіліп, мұғалімге деген сенімсіздік пайда болады.

Айырым адамдар, сөз және оның өзіне тән қасиеттері (тембр, дикция) инсанға табиғый берілген нәрсе деп есептейді. Бірақ заманағөй физиологиялық ғылыми тәжірибе дауыс сыпатын түбінен өзгерту мүмкін екендігін дәлелдейді. Көпшілік оқытушылар ортасында табиғи дауысқа, жағымды дауысқа ие болғандарды ұшырату мүмкін. Бірақ табиғи дауыста уақты мен өз күшін жойтады, өзгереді. Яғный соны айту керек, әр бір жеке адам дауысы күшті, өзгерушең және жағымды болуы мүмкін. Мамандардың

өткерген арнаулы ғылыми-тәжірибе істері соны көрсетеді, барлық уақыт сөйлеу мен байланысты болған кәсіп иелері арасында дауыс органдарының кеселдену өте көп. Дауыс бұзылуының себептері әр түрлі. Әсіресе төртеуі өте көп ұшырайды.

- әр күні дауысқа берілетін артықша әрекет, нагрузка;
- дауыстан дұрыс пайдаланбау;
- дауыс гигиенасына амал қылмау;
- дауыс органдары күшінің тума пәстігі.

Айырым сөздердің, буындардың анықтығы, олардың тездігі сөйлеудің темпін пайда етеді. Бір тонда сөйлеу зеріктіреді, қызығу және дыққатты пәсеңдетеді.

Оқу материалдарының қиын жерлерін мұғалім дауысын пәсейтіп түсіндіріп, қалған уақытта тезірек сөйлеуі мүмкін. Әсіресе тақырып негізінде бір шешімге келгенде, яғный қағида, нызам, анықтамаларды түсіндіргенде дауыс тездігін пәсейту керек.

Әсіресе педагогикалық тәсір етуді ұйымдастыруда сөздің маңызы мен байланысты болған педагогикалық қатынас мәдениетіне және тәрбиешінің тіл байлығына арнаулы талаптар қойылады. Сөйлескенде әдеп және кішіпейілдік оқытушының педагогикалық шеберлігінде ұшрасатын маңызды адамгершілік қасиет сыпатында көрініс табады. Жылы сөздік – оқытушы – тәрбиешінің сыныпта индивидуал іс алып бару процессінде ата-аналар және оқушылармен қатынаста анық бір тәрбиелік мақсатты көздеп ұйымдастыра алуы және тәлім-тәрбиелік іскерлігін дұрыс басқара алуы. Оқытушының мамандық іскерлігінде жылы сөздіктің жас оқушы амал ететін төмендегілерді ажыратып көрсетуге болады.

- оқушыларға сөз бен ауызекі тәсір жасауда жылы сөздік және адамгершілік сезімдерін көрсетіп беру;
- сөз бен ауызекі тәсір жасаудың барлық басқыштарында сезімнің жайдары көрсетілуі;

- өз-ара пікір алмасуға тиісті сипаттар, көндікпелер және білімдерінің толықтығы;
- оқушылардың тәлім және білім алуға болған қызығушылығын күшейту;
- еркін пікір жбргізу, өз пікірін еркін баян ете алу, адамгершілік қадір-қымбат сезімдерін қалыптастыру.

Оқытушы мамандық шеберлігінде ең негізгі маңызға ие болған және адамгершілік қасиет, кішіпейілділікті өзінде қалыптастыру үшін үздіксіз жұмыс алып бару қажет. Отуқушы педагогикалық іскерлігіне тиісті жеке өз-өзін тәрбиелеудің өзара пікір алмасу және байланыстылыққа төмендегілерді ұсынуымыз мүмкін.

1. Кәсіптік іскерлік жағынан өзін-өзі аңдауды (қатынаста өзара пікір алмасуға тиісті сипаттарды жақсы және төмен тараптарын анықтау) амалға асыру және осы негізде өзара пікір алмасу негізінде өзін-өзі тәрбиелеу дәстүрін істеп шығу.
2. Өз кәсіптік іскерлігіне төмендегі бағдарларда баға беру мақсатқа сай: адамдармен болған қарым-қатынастан кейін алынған қорытындыларды талдау, оқушылар мен қатынастардың кейінгі жағдайын үйрену, қатынас туралы өзінің жетіскендік және кемшіліктерін талдау, қатынастағы мүмкіншіліктерімізді айналадағылар (оқытушылар ұжымы, ата-аналар, оқушылар) қандай бағалауы туралы пікірге ие болу.
3. Өзінде адамгершіліктің негізгі қасиеттерін дамыту арЗылы бейімдестірілген өз-өзіне тәсір өткізуші «аутоген» жаттығулары негізінде істеу.
4. Оқушылар және ата-аналармен түрлі ұжым жұмыстарын алып бару, осыдан өзара пікір алмауда көндікпе және білімдер пайда болады.
5. Сөзбен ауызекі тәсір өткізуде көңілсіздіктерді жеңу тәжірибесін қалыптастырған және жылы сөздікті дамытатын қасиет тізімдерін жарату.
6. Кішіпейілділікте ұлттық салт-дәстүрлеріміз сөйлеу мәдениеті, ұлттық ағартушылығымызға жандасу.

Ұсынылған осы тізім негізінде педагогикалық жұмыс алып бару оқытушы мамандығына тиісті қасиеттерден бірі болған адамгершілікті және жылы сөздікті қалыптастырады. Оқытушы кәсіптік іскерлігінде сөйлеудегі сөз құдіретін өзінде қалыптастырып барады. Ол тілдің бай мүмкіншіліктерінен өнімді пайдалану арқылы сөз байлығының сұлу, мазмұнды, мағыналы, тәсірлі болуына талпынады. Себебі, мағыналы және тәсірлі сөйлей білу де өнер. Бұл өнерден хабарсыз болған оқытушының мамандық шеберлігі қалыптаспайды. Қайсы пәнді оқытуна қарамастан, оқытушының негізгі құралы сөз байлығы, ол сөз құдіреті негізінде коммуникатив қабілетін көрсете біледі. Өз ана тілін жақсы меңгерген және мағыналы сөздер түзе алу және сөйлеу шеберлігі мен көрсету тәлім орындарында үйреніліп жатқан әрбір пән оқытушысы үшін ең негізгі коммуникативтік қабілеттерден бірі болып табылады.

Қорытындылап айтқанымызда әр бір оқытушыда сөйлеу мәдениеті болуы зәрүр. Себебі әр бір педагог өз сөйлеуі әдемі және анық оқуы, қатынас мәдениеті мен оқушыларға үлгі болады.

Қорытынды

Қазіргі уақытта елімізде жүз беріп жатырған әр түрлі өзгерістер жаңалану дәуірі әрбір инсаннан жаңаша ойлауды, бастама көтеруді, шығармашылық пен іс алып баруды қатаң талап етеді. Мектептегі сабақ-педагогикалық шығармашылықты амалға асыратын негізгі орын. Сабақ процессінде мұғалімнің қабілетінің ең негізгі талаптары амалға асырылады яғни олар: жеткеру, білім беру, үйрету. Келешек ұрпаққа өзінің білімін және тәжірибесін жеткеріп беруде мұғалім өзінің қабілетін көрсетеді.

Табысты істеу үшін әр бір мұғалім педагогикалық қабілетке ие болуы қажет. Педагогикалық қабілет иесі өз еңбегін жұмсап үлкен нәтижеге еріседі.

Педагогикалық шеберліктің ең маңызды негіздерінің бірі-бұл педагогикалық іс-әрекетке қабілеттілік болып есептеледі. Қабілет барлық инсандарда болады, ол адамдарда әртүрлі болады: біреуде жоғары, біреуде орта және біреуде төмен дәрежеде болуы мүмкін. Мектеп оқытушысының негізгі қызметі инсанды қалыптастыруға қаратылған.

Оқытушының ең қажет сыпаттарынан бірі оның оқушылар мен өзара біргелікте тәлім-тәрбиелік іскерлікті нәтижелі ұйымдастыруы, олар мен қызықты мүнәсебет алып баруы және оларға жанкүйер, мейірбан басшы болуы болып табылады. Педагогикалық-психологиялық бағдарларда алып барылып жатқан ғылыми-зерттеу жұмыстарында, оқытушылардың өнімді педагогикалық іскерлікті амалға асырулары үшін қажет болған коммуникатив қабілеті туралы көптеген пікір және сәубеттер жүрітілген.

Оқытушы өз кәсібіне қызықпаса, оқушыларға мейірімді болмаса, олар мен қызықты сәубет ете алу қабілеті дамымайды. Қызмет процессінде қабілеттілік пайда болады және өседі, қабілеттілікті өркендету үшін зиректілік, ақылдылық, талант, және қасиет болуы да қажет. Оқытушының айырым психикалық процесстері онда жеке адамға тән сыпаттардың сондай комплексін құрайды, бұны педагогикалық қабілет деуге де болады. Ең маңыздысы жетекші қабілеттілікті таңдап алу болып, оларсыз мұғалім өз ісінің шебер, ұстасы бола алмайды.

Мұғалімнің кәсіптік жұмысының табысты болуы педагогикалық ұқыптылықтарға байланысты. Педагогикалық қабілет мұғалімшілік тарауда табысты істеу үшін негіз болып табылады.

Мұғалімнің сабақты өтудегі табысы бірінші кезекте оның идеялық-теориялық және кәсіптік таярлығына байланысты болады. Сабаққа таярлану барлық уақыт оқытатын предметіне байланысты оқулықтарды оқып жүруді, психологиялық-педагогикалық және методикалық характердегі кітаптарды оқуды, методикалық журналдарды, газеттегі мақалаларды, жаңа педагогикалық тәжірибелерді енгізу мақсатында жасалып жатырған алдын пікірлерді оқып танысып баруды талап етеді.

Мұғалім сабақтың авторы, сабақтың өтілуі оның рухлануы және шеберлігіне, коммуникативтік қабілетіне, сөйлеу шеберлігіне байланысты және ғарезді болып табылады.

Сабақ процесінің сапалы тарапын анықтау – мұғалім үшін шеберлік мектебі, сабақты ұйымдастыруда анағұрлым маңызды тәсілдерді және жаңа педагогикалық технологияларды, методтарды білу, қолдану әдісі болып табылады. Оқытушы не сәтті болғанын және ненің сәтсіз болғандығын, бұл сәтсіздіктің қалай келіп шыққандығын және оны қалай саптастыру керек екендігін көре алады, педагогикалық қабілетті әсіресе коммуникатив қабілетті, шеберлікті жоқарылату үшін нені өркендету және беккемдеу керек екендігін біле алады.

Қорыта айтқанда, мұғалімнің коммуникативтік қабілеті - бұл яғни адамдар мен жақсы тіл табушылықта қатынас жасай білу қабілеті. Балалармен жақсы тіл табыса білу-бұл мұғалімдерде қанағаттану сезімін пайда етеді және мұғалімнің өз кәсібіне деген сүйіспеншілігін қорғап қалады.

Пайдаланган адабиёттер

1. И.А.Каримов. Жоқары манаўият – жеңилмес күш., Т. 2008 йил.
2. И.А.Каримов «Баркамол авлод орзуси». Т-2008й.
3. Мирзиёев Ш. Буюк келажегимизни мард ва олижаноб халқимиз билан бирга қураимиз. – Т.: Ўзбекистон, 2017. – 488 б.
4. Мирзиёев Ш. Эркин ва фаровон, демократик Ўзбекистон давлатини биргаликда барпо этамиз. – Т.: Ўзбекистон, 2016. – 56 б.
5. “Қонун устуворлиги ва инсон манфаатларини таъминлаш – юрт тараққиёти ва халқ фаровонлигининг гарови. Ўзбекистон Республикасининг сайланган Президенти Ш.Мирзиёевнинг Ўзбекистон Республикасининг Конституцияси қабул қилинганининг 24 йиллигига бағишланган тантанали маросимдаги маърузаси. 2016 йил 6 декабрь.
6. 2017-2021 йилларда Ўзбекистон Республикасини ривожлантиришнинг бешта устувор йўналишлари бўйича Ҳаракатлар стратегияси. Ўзбекистон Республикаси Президентининг 2017 йил февралдаги ПФ-4947 сонли Фармони.
7. Илм-фан ютуқлари – тараққиётнинг муҳим омили. Ўзбекистон Республикаси Президенти Ш. Мирзиёевнинг мамлакатимизнинг етакчи илм-фан намояндалари билан учрашувдаги нутқи. 2016 йил 30 декабрь.
8. Ўзбекистон Республикаси Президентининг 2017 йил 21 апрелдаги “Олий таълим тизимини янада ривожлантириш чора-тадбирлари тўғрисида”ги Қарори.
9. Ўзбекистон Республикаси Президентининг 2017 йил 5 июлдаги “Ишларга оид давлат сиёсати самарадорлигини ошириш ва Ўзбекистон ишлар иттифоқи фаолиятини қўллаб-қувватлаш тўғрисида”ги Фармони.
10. Ўзбекистон Республикасининг “Ишларга оид давлат сиёсати тўғрисида”ги Қонуни // Халқ сўзи. 2014 йил 15 сентябрь
11. ЮНЕСКО халықаралық нормативтік ҳужжаттары. //Өзбекше жараялау бас редакторы Л.Саидова. – Т.: “Адолат”, 2004. –Б. 19-62.

12. Абдыкаримов Б.А., Абдыров А.М., Баубекова Г.Д. Профессиональная педагогика: Учебное пособие. – Астана, КазАТУ, 2008. – 367 с.
13. Азизходжаева Н.Н. Педагогические технологии и педагогическое мастерство. – Т.: ТГПУ, 2003. – 192 с.
14. Б.Жураева. Проблемы формирования педагогической культуры учителя в свете национальной программы подготовки кадров. Т-2003 г.
15. Г.Султонова. Педагогик маҳорат. Т-2001 й.
16. М.Т. Давлетчин. Замоновий мактаб ўқитувчисининг психологияси. 1999 й.
17. Төлегенова Е.Х. Алланиязов И. Адамның қалыптасуындағы өзін-өзі тәрбиелеудің маңызы. Н-1991 ж
18. Муамола трениги. Т-1995 й.
19. Ғұламалар ғибраты және ұлттық тәрбие. Ұлт тағылымы. –2005. – қ 4. – Б.28-31.
20. Мектептегі оқушылар ұйымының тәрбиелік моделі. Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика. – 2005 ж.
21. Муслимов Н.А. Бўлажак касб таълими ўқитувчиларини шакллантириш Т-2005 й.
22. А.В. Мунавваров Педагогика. Т-1996 й.
23. И.А. Зязюна Основы педагогического мастерства. М-1998 г.
24. А.Алымов. Білімді жаңалау заман талабы. Н - 1997 ж.
25. Корепанова М.В. Основы педагогического мастерства: учебник для студентов. 2-е изд. – М.: Издательский центр «Академия», 2012. – 240 с.
26. И.Турсунов. Педагогика курси. Т -1997 й.
27. Джураев Р.Ҳ. Таълимда интерфаол технологиялар. –Тошкент, 2010. - 87 б.
28. Якушева С.Д. Основы педагогического мастерства. – М.: Академия, 2012. – С. 256.

Интернет сайттары:

29. www.pedagog.uz
30. www.edu.uz
31. www.nablid.uz (A. Navoiy nomidagi O'z.MK)
32. <http://ziyonet.uz> – Ziyonet axborot-ta'lim resurslari portali.
33. <https://pedagogikalyq-sheberlik-komponentteri/>